ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 89 (3916)
27 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ



Кодекс ұлттық дүниетаныммен үйлесуі керек

4-БЕТ



Төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің тиімді тұсы көп

8-БЕТ



Желтоқсан қаһармандары лайықты бағасын алған жоқ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ



Табиғи ресурстарға бай Қазақстан үшін шикізат өндірумен шектелмей, оны терең өңдеп, бәсекеге қабілетті дайын өнім шығару – экономикалық дербестіктің маңызды шарты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өңдеу өнеркәсібін дамыту, экономиканы әртараптандыру және елдің берік индустриялық негізін қалыптастыру міндетін Үкімет алдына тұрақты түрде қойып келеді.

(Жалғасы 3-бетте)

АЛАҢ ЖҰРТ

Жұмыс барысында түрлі қылмыс, құқық бұзушылықпен бетпе-бет келетіндіктен судьялар мен полиция қызметкерлерінің жүйкесіне түсетін салмақ аз емес. Ал жүйкеге түскен ауырлық күнделікті көңіл-күйді төмендетіп қана қоймай, түрлі сырқаттың да туындауына түрткі болып жатады. Жауапкершілігі жоғары мамандарды психологиялық күйзелістен қалай сақтай аламыз? Осы сауалды мамандарға қойып көрген едік.

ҚЫЛМЫСПЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛЕТІН МАМАНДАРДЫ КҮЙЗЕЛІСТЕН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы:

Өз ісіне сенімді маман психологиялық қысымды да жеңіл еңсереді

Судья мен полиция қызметкерінің жұмысы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені олардың әрбір шешімінің артында адам тағдыры тұр. Жіберілген қателіктің құны өте жоғары. Судья кейде бір адамның бостандығына қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жауапкершілік үнемі психологиялық қысым тудырады. Судьялар кейде заң мен ар-ождан арасындағы моральдық дилеммаға тап болады. Бұған қоса, сот залында эмоциясын сыртқа шығармай, өзін үнемі сабырлы ұстауға мәжбүр. Эмоцияны іште сақтау да күйзеліске әкеледі.

Қазіргі кезде судьяларға түсетін жұмыс жүктемесінің көптігі, істерді белгіленген мерзімде қарау талабы және қоғамдық сын да психологиялық қысымды күшейтеді. Ал полиция қызметкерлеріне тұрақсыз жұмыс кестесі, тәулік бойғы кезекшілік пен қауіпті жағдайларда қызмет ету қосымша салмақ түсіреді.

Ұзақ уақыт күйзелісте жүру адамның психологиялық және физикалық жағдайына кері әсер



етеді. Үнемі қауіппен бетпе-бет келетін адам тез шаршайды, ашушаң болады, зейіні төмендеп, ұмытшақтық пайда болады. Кейде жұмысына деген қызығушылығы жоғалып, немқұрайлылық таныта бастайды. Полиция қызметкерлерінде үйқысыздық, қорқынышты түстер көру, дыбыстан шошу және ауыр оқиғаларды қайта-қайта еске алу сияқты белгілер байқалуы мүмкін.

(Жалғасы 5-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ,
«Poseydon» аквафермасының директоры:

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕК БИЗНЕС ЕМЕС, БҰЛ – АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

– Мейрамбек Жалғасбекұлы, Қазақстанда 2021–2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту бағдарламасы мен жаңа салалық заңнама аквамәдениетті ауыл шаруашылығының дербес бағыты ретінде қаншалықты қорғай алды? Іс жүзінде кәсіпкерлерге кедергі келтіріп отырған қандай заңнамалық олқылықтар бар?

– Қазақстанда балық шаруашылығын дамытуға қажетті әлеует те, мемлекеттік бағдарламалар да бар. Алайда ендігі міндет – қағаз жүзіндегі қолдауды нақты өндірістік нәтижеге айналдыру. Бізге балық өсірушіні тексеретін емес, оның өндірісін дамытуға жағдай жасайтын жүйе қажет.

Менің ойымша, соңғы жылдары Қазақстанда балық шаруашылығына деген мемлекеттік көзқарас едәуір өзгерді. 2021–2030 жылдарға арналған балық шаруашылығын дамыту бағдарламасының қабылдануы және 2025 жылғы 12 маусымда «Аквашаруашылық туралы» жеке заңның қабылдануы – осы бағыттағы маңызды тарихи қадам.

Бұл заң аквашаруашылықты жеке экономикалық қызмет саласы ретінде дамытуға құқықтық негіз қалыптастырды. Яғни, мемлекет балықты тек табиғи байлық ретінде қорғаумен шектелмей, оны қолдан өсіруді де экономиканың маңызды бағыты деп тани бастады. Алайда заңның қабылдануы – мәселенің толық шешілгені емес. Ендігі мәселе – заңның іс жүзінде қалай жұмыс істейтіні. Кәсіпкерлер үшін әлі де бірнеше өзекті мәселе бар: жабық сумен жабдықтау қондырғыларына (УЗВ) арналған инженерлік инфрақұрылым мен су пайдалану мәселелерінің күрделілігі; құжаттарды келісу кезінде бірнеше мемлекеттік органның талаптарының қайталануы; субсидиялау тетіктерінің өңірлерде біркелкі жұмыс істемеуі; балық өсіруге қажетті отандық шабақ, сапалы жем және генетикалық материал өндірісінің жеткіліксіздігі.

Бұл арада мен аквашаруашылық нысандарын ауыл шаруашылығының өндірістік кәсіпорындары ретінде қарастырып, оларға жер, су, электр энергиясы және мемлекеттік қолдау мәселелерінде нақты жеңілдіктер беру керек деп есептеймін.

– Жем-шөп шығындарын, шабақ сатып алуды және инвестициялық салымдарды субсидиялау қағидалары отандық балық өсірушілерге нақты қолдау болып отыр ма, әлде бюрократиялық талаптар шағын фермаларды бұл көмектен қағып отыр ма?

– Мемлекеттік субсидия – балық шаруашылығын дамытудағы ең маңызды құралдардың бірі. Бірақ мен оны кәсіпкерге нақты жететін, қолжетімді және тұрақты механизмге айналдыру керек деп есептеймін. 2026 жылдан бастап жаңа субсидиялау қағидалары қолданысқа енгізілді. Оларда инвестициялық шығындардың бір бөлігін – жем сатып алуды, шабақ алуды және басқа да өндірістік шығындарды өтеу қарастырылған.

(Жалғасы 6-бетте)

ПАЙЫМ

КОДЕКС ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫММЕН **ҮЙЛЕСУІ КЕРЕК**

Неліктен еліміздің басты жеке құқық заңының құрылымы заң ғылымының талаптарымен қатар ұлттық дүниетаным мен халықтың рухани болмысын да ескеруі тиіс?



1804 жылғы Францияның Азаматтық кодексі алғашқыда үш кітаптан тұрды. Олар тұлғаларға, мүлікке және меншік құқығын иелену тәсілдеріне арналған болатын. Үшінші кітапта шарттар, міндеттемелер, мұрагерлік және меншікке ие болудың өзге де негіздері қамтылды.

Әлбетте, шетел үлгісін отандық заңнама аясында соқыр қайталау – мәселенің кілті деуден аулақпыз. Дегенмен аталмыш үлгінің логикасын тиек ете отырып, ұлттық ерекшелігіміз бен бүгінгі қоғамдық қатынастарға бейімдеу заманауи құқық жүйесін қалыптастыру үшін септігін тигізеріне сенімдімін.

Қазақстанның жаңа Азаматтық кодексін әзірлеу қолданыстағы заңнаманы жаңарту, ескірген нормаларды алып тастау немесе жекелеген құқықтық институттарды қазіргі экономикалық жағдайларға бейімдеу ғана емес. Сондай-ақ, жеке құқықтың іргелі негіздерін қайта пайымдауға, құқық жүйесіндегі адамның орнын айқындауға және қоғамның тарихи тәжірибесіне, ұлттық дүниетанымына әрі заманауи даму талаптарына сай келетін құқықтық архитектура қалыптастыруға берілген мүмкіндік.

Осы орайда, жаңа кодексті әзірлеу барысында құқықтың еуропалық үлгісімен қатар Қазақстанның өзіне тән мәдени негізін – тілін, тарихи тағылымын және ұлттық ойлау ерекшеліктерін де ескерген жөн.

Қазақ тілінің табиғатына назар аударсақ, жеке құқық құрылымын тың көзқараспен пайымдауға мүмкіндік беретін қызық ерекшелікті байқаймыз. Мәселен, «Мен зат сатып аламын» деген қарапайым сөйлемді алайық.

Бұл сөйлемде үш негізгі элемент бар «мен» – әрекет етуші субъект, яғни адам; «зат» – әрекет бағытталған объект; «сатып аламын» – субъект мен объектінің арасындағы байланысты білдіретін әрекет.

Қазақ тіліндегі қалыпты сөйлем құрылымы «бастауыш-толықтауыш - баяндауыш» тәртібіне негізделеді. Яғни, алдымен әрекет иесі, одан кейін әрекет бағытталған нысан, соңында сол әрекеттің өзі айтылады.

Әрине, тілдің грамматикалық құрылымын заңнамалық нормаларға тікелей көшіру орынсыз. Дегенмен бұл ерекшеліктен ұлттық ойлау жүйесіне тән белгілі бір дүниетанымдық үндестікті көре аламыз. Себебі жеке құқық та ең алдымен адамнан басталады, одан кейін адамның құқықтары бағытталған объектілерді айқындайды және соларға қатысты туындайтын құқықтық байланыстарды реттейді.

Осы себепті жаңа Азаматтық кодекстің құрылымын «тұлға – заттар – міндеттемелер» ұғымы негізінде қалыптастыру – назарға алынуы тиіс мәселе.

«Адамнан затқа, заттан құқықтық қатынасқа» құрылымының тек философиялық емес, құқықтық негізі де бар. Ол континенттік Еуропаның азаматтық-құқықтық дәстүрімен, соның ішінде Францияның тарихи азаматтық заңнама үлгісімен үндеседі.

Атап айтқанда, 1804 жылғы Францияның Азаматтық кодексі алғашқыда үш кітаптан тұрды. Олар тұлғаларға, мүлікке және меншік құқығын иелену тәсілдеріне арналған болатын. Үшінші кітапта шарттар, міндеттемелер, мұрагерлік және меншікке ие болудың өзге де негіздері қамтылды.

Әлбетте, шетел үлгісін отандық заңнама аясында соқыр қайталау – мәселенің кілті деуден аулақпыз. Дегенмен аталмыш үлгінің логикасын тиек ете отырып, ұлттық ерекшелігіміз бен бүгінгі қоғамдық қатынастарға бейімдеу заманауи құқық жүйесін қалыптастыру үшін септігін тигізеріне сенімдімін.

Бірінші кезекте кодекстің негізінде тұлға тұруы тиіс. Өйткені жеке құқықтың бастапқы нүктесі – адам. Оның құқық қабілеттілігі, қадір-қасиеті, дербестігі, ерік бостандығы және өз мінез-құлқын өзі айқындау мүмкіндігі жеке құқықтың іргетасын құрайды.

Екінші кезекте заттар мен азаматтық құқықтардың өзге де объектілері орналасуы тиіс. Адам материалдық және материалдық емес дүниемен өзара әрекеттеседі, мүлік иеленеді, құндылықтар жасайды, зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдаланады, цифрлық активтер мен ақпаратқа қатысты құқықтарын жүзеге асырады. Бүгінгі таңда азаматтық құқық объектілерінің ауқымы дәстүрлі зат ұғымынан әлдеқайда кеңейген.

Үшінші кезекте міндеттемелер мен өзге де құқықтық байланыстар қарастырылады. Дәл осы деңгейде адамдардың өзара іс-қимылы құқықтық нысанға ие болады: шарт жасасу, міндеттемені орындау, жауапкершілікке тарту, келтірілген зиянды өтеу және басқа да құқықтық тетіктер арқылы жеке мүдделер жүзеге асырылады.

Осылайша, құқықтық жүйе шарттардың немесе жекелеген мүлік институттарының тізбесінен емес, адамнан басталуы керек. Алдымен адамның құқықтық мәртебесі мен мүмкіндіктері, одан кейін оның құқықтары бағытталған объектілер, содан соң сол объектілерден туындайтын құқықтық қатынастар айқындалғаны абзал.

Азаматтық кодексті әзірлеу кезінде ұлттық рухты ескеру дәстүрлі әдет-ғұрып нормаларын сол күйінде заңға енгізу немесе құқықтық реттеуді тарихи кезеңдердің өлшемімен шектеу дегенді білдірмейді. Ұлттық ерекшелік әлдеқайда терең деңгейде – құқықтың іргелі қағидаттарынан көрініс табуы мүмкін. Адамға құрмет, адалдық, өзара жауапкершілік, әділеттілік, меншікке құрметпен қарау және құқықты теріс пайдалануға жол бермеу секілді құндылықтар сол қағидат аясын қамтиды.

Қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетінде сөзге беріктік, уағдаластықты сақтау, сенім және адамның қоғамдық беделі ерекше орын алған. Бұл құндылықтар бүгін де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, цифрлық экономика, жасанды интеллект және күрделі мүліктік қатынастар жағдайында олардың мәні арта түсуде.

Сондықтан заманауи жеке құқық тек мүліктік мүдделерді ғана емес, адамның қадір-қасиетін, жеке дербестігін, іскерлік беделін және өз өмір жолын еркін айқындау мүмкіндігін де қорғауы ләзім.

Сонымен қатар жеке құқықтық қатынастар мен мемлекеттің институционалдық құрылымы арасында аражігін орнату үлкен маңызға ие.

Жаңа Азаматтық кодекс тек мүлік пен мәмілелер шеңберінде шектелмей, ең алдымен адамның құқықтық қатынастарға еркін түсуі, өз мүдделерін жүзеге асыруы және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілік алуы туралы заң болғаны ләзім.

Алдағы реформаның негізгі міндеттерінің бірі де жай ғана жеке құқық нормаларын жаңадан жинақтау емес, қоғамға түсінікті, құқықтық тұрғыдан тұтас әрі ұлттық дүниетаныммен үндесетін жеке құқық жүйесін қалыптастыру.

Ана тіліміздің сөйлемі «Мен» деген сөзден бастау алса, қазіргі жеке құқықтың да бастапқы нүктесінде адам тұруы тиіс. Өз алдына мақсатқа айналған мүлік те, формалды шарт та, экономикалық айналымның өзі де емес, адамның қадір-қасиеті, бостандығы және заңды мүдделері басты құндылық болуы қажет. Осылайша адамды өзегіне айналдырған Азаматтық кодекс тәуелсіз Қазақстанның құқықтық дүниетанымы мен ұлттық болмысының көрінісі бола алады.

Ильяс ЖУКЕНОВ,
MPhil,
Кэмбридж университеті

ҚАБЫЛДАУ

Мемлекеттік органдар қызметінің негізгі бағыттарының бірі – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың өтініштеріне уақытылы әрі сапалы жауап беру және халықпен ашық әрі тиімді байланыс орнату. Өйткені мемлекеттік орган жұмысының нәтижесі тек атқарылған қызметпен ғана емес, ең алдымен, азаматтардың сенімімен және олардың мәселелерінің қаншалықты оңтайлы шешілгенімен бағаланады.

ӘР ӨТІНІШ АРТЫНДА **АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҰР**



Аян АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сот әкімшісінің басшысы

Азаматтарды жеке қабылдау – халықтың талап-тілегін, ұсыныстары мен мәселелерін тікелей тыңдауға, оларды толғандырған сұрақтарға түсініктеме беруге және заң аясында шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік беретін тиімді тетік. Жеке қабылдау барысында азамат пен мемлекеттік орган өкілі арасында тікелей байланыс орнап, мәселенің мән-жайын жан-жақты зерделеуге жол ашылады.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынастың құқықтық негіздерін айқындайды. Аталған кодекс әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру кезінде заңдылықты, әділдікті, ашықтықты және азаматтардың құқықтарын қорғауды басты назарға қояды. Жеке қабылдаудың басты мақсаты – азаматтың өтінішін тыңдап қана қою емес, көтерілген мәселені мұқият зерделеп, оның шешілуіне ықпал ету. Сондықтан қабылдау барысында әрбір азаматқа құрметпен қарау, оның сөзін бөлмей тыңдау, мәселенің мәнін анықтау және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес нақты түсініктеме беру аса маңызды.

Сот әкімшілігі қызметінде де азаматтармен өзара байланыстың орны ерекше. Себебі соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, сот жұмысының үздіксіз жүргізілуіне жағдай жасау бағытындағы мәселелер бойынша азаматтардан түрлі өтініштер мен ұсыныстар келіп түседі. Олардың қатарында, сот отырыстарын ұйымдастыру, ақпарат алу, құжаттарды қабылдау және сот қызметін қамтамасыз етуге қатысты өзге де мәселелер бар. Әрбір өтініш белгіленген құзырет шегінде қаралып, заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылдануы тиіс.

Өтініштерді қарау барысында заңдылық пен мерзімді сақтау – басты талаптардың бірі. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, өтініш негізінде қозғалған әкімшілік рәсімді қарау мерзімі өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнін құрайды. Заңда көзделген негіздер болған жағдайда, қарау мерзімі уәжді шешіммен ұзартылуы мүмкін. Бұл туралы өтініш берушіге үш жұмыс күні ішінде хабарлануы тиіс.

Сонымен қатар өтініштерді қарау кезінде олардың мазмұнына, көтерілген мәселенің сипатына және мемлекеттік органның құзыретіне ерекше назар аударылады. Егер өтініште көрсетілген мәселе органның құзыретіне жатпаса, заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті түсініктеме берілуі немесе өтініш тиісті органға үш жұмыс күнінің ішінде жолдануы қажет. Бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну мүмкіндіктері де кеңейіп келеді. Қағаз түріндегі өтініштермен қатар, электрондық форматтағы өтініштерді жолдау тетіктері қолданылады. Атап айтқанда, «e-Otinish» ақпараттық жүйесі арқылы азаматтар өз өтініштерін электрондық түрде жолдап, оның қаралу барысы мен нәтижесін бақылай алады. Бұл мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын арттырып, өтініштерді қарау үдерісін жүйелеуге мүмкіндік береді. Өтініштермен жұмыс жүргізуде тағы бір маңызды мәселе – азаматтарға берілетін жауаптардың сапасы. Жауап тек формалды түрде жолданған хат болмауы керек. Онда азамат көтерген мәселенің мәні ашылып, тиісті заң нормаларына сүйене отырып, нақты әрі түсінікті жауап берілуі қажет. Әрбір өтініштің артында адамның тағдыры, үміті мен сенімі тұрғанын естен шығармаған жөн.

Жыл басынан бері аудандық сот төрағасының жеке қабылдауында 8 азамат болса, аудандық соттың әкімші басшысының жеке қабылдауында 7 азамат болған. Жүгінген тұлғаларға заң аясында түсіндірме жауаптар берілген.

Сонымен бірге, айта кететін мәселе бүгінгі күні заңды тұлғалар өкілдері, жеке тұлғалар «e-Otinish» ақпараттық жүйесі арқылы сот өндірісінде қаралып жатқан істер бойынша құжаттарды немесе талап қоюларды жолдауда, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 3-бабының 4-тармағының 1) тармақшасында осы кодексте белгіленген әкімшілік рәсімдердің тәртібі ҚР Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік заңнамасында және ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында реттелетін қатынастарға қолданылмайды деп көрсетілген, сол себепті аталған жүйемен сот өндірісіндегі істерге қатысты құжаттар мен талап қоюларды жолдауға болмайды.

Азаматтарды жеке қабылдау және өтініштерді қарау тәртібін жетілдіру – мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын қамтамасыз етудің, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырудың маңызды кепілі. Халықпен тиімді байланыс орнату, азаматтардың талап-тілегіне құлақ асу және олардың құқықтарын құрметтеу – әділетті әрі жауапты мемлекеттік басқарудың басты қағидаты болып қала береді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПРОБАЦИЯ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛЕЗІК: ЕРКІНДІКТЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Пробациялық бақылаудағы заманауи технологияның міндеті – тәртіпті қадағалау, құқық бұзушылықтың алдын алу және сотталған азаматтың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау.

Қылмыстық жаза әрдайым қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес. Заңда белгіленген тәртіппен бас бостандығын шектеу жазасына сотталған азаматтар отбасында тұрып, еңбек етіп, білім алуын жалғастыра алады. Алайда бұл – толық еркіндік емес. Олар сот жүктеген міндеттерді орындауға, пробация қызметіне уақытылы келуге және белгіленген шектеулерді сақтауға тиіс. Осындай талаптардың орындалуын бақылауда электрондық білезіктердің маңызы артып келеді.

Электрондық білезік – сотталған адамның жүрген жері туралы мәлімет алуға және оның белгіленген бақылау тәртібін сақтауын қадағалауға арналған техникалық құрал. Құрылғы аяққа немесе қолға бекітіледі. Ол арқылы жауапты қызметкерлер бақылау жүйесіне түскен ақпаратты қадағалап, шектеулердің бұзылуына дер кезінде назар аударады. Бұл бақылаудың ашықтығын арттырып, қызметкердің жедел әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Дегенмен пробация қызметінің жұмысы бір ғана техникалық қадағалаумен шектелмейді. Инспекторлар есепте тұрған адамдарға заң талаптарын түсіндіреді, олардың тұрмыстық жағдайын зерделейді, жұмысқа орналасу, құжаттарын реттеу және қоғамға қайта бейімделу мәселелері бойынша тиісті көмек алуға бағыттайды. Электрондық бақылау осы жұмыстың бір бөлігі ғана: оның түпкі мақсаты – жаңа құқық бұзушылықтың алдын алу.

2026 жылғы мәлімет бойынша, Астана қаласының пробация қызметінде 305 электрондық білезік бар. Жыл басынан бері ЭСС бойынша 612 бұзушылық тіркелді. Қабылданған заңды шаралардың нәтижесінде 62 сотталғанның бас бостандығын шектеу жазасы сот шешімімен бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды. Бұл деректер бақылаудың жүйелі жүргізілуі мен сотталған адамның өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Тәжірибеде бақылау талаптарын бұзу әртүрлі жағдайда кездеседі. Мысалы, сот белгілеген шектеулерді сақтамау, пробация қызметінің шақыруына дәлелсіз келмеу немесе электрондық құралды әдейі зақымдау заңда көзделген салдарға әкелуі мүмкін. Сонымен бірге мониторинг жүйесінен түскен әрбір белгі бірден кінәлі деп тануға негіз болмайды, алдымен жағдай анықталып, техникалық ақау немесе басқа да мән-жайлар тексеріледі.

Білезік адамның күнделікті өмірін түгел басқаруға арналмаған. Ол сот үкімі мен заңда белгіленген бақылау шеңберінде қолданылады. Сондықтан сотталған адам өзіне қойылған шектеулердің мазмұнын нақты білуі, оларды түсінбеген жағдайда пробация инспекторына жүгінуі қажет. Талаптарды білу және сақтау – сенімді ақтаудың алғашқы шарты.

Жұлдыз ҚАЛЖАН,
Астана қаласы бойынша
ҚАЖ департаменті ПҚББ инспекторы,
әділет аға лейтенанты

КИЕ

Тіл – ұлттың жаны, мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихы мен дүниетанымы. Халықты ұйыстырып бір елге біріктіріп халық ететін ең басты құндылық та – ана тілі. Бүгінде шын мәнінде тәуелсіздік алған алғашқы онжылдықтармен салыстырғанда мемлекеттік тілдің өрісі кеңейген.

БАНКТЕР **ТАЛАП ҚОЮДЫ** НЕГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ БЕРМЕЙДІ?

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселесі республика соттарының негізгі жұмыс жоспарына енген. Бүгін ҚР Жоғарғы Сотынан бастап жергілікті жерлердегі аудандық, қалалық және оған теңестірілген соттар мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту бойынша жеке жоспар құрып, оны жүзеге асырып жатыр. Бірақ кей соттарда мемлекеттік тілде қаралатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерден басқа азаматтық құқықтық қатынастан туындайтын даулардың мемлекеттік тілдегі үлесі әлі де болса кенжелеп отыр. Оған басты себеп – банктік келісімшарттардағы міндеттемелерді орындамаудан туындайтын даулар бойынша сотқа жүгінетін негізгі құжат – азаматтық талап қою арыздарының орыс тілінде әзірленетіні. Мұны осылай тұжырымдасақ артық айтқандық болмас.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 14-бабының 2-тармағына сай сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Соттар бастапқы талап қою арызы берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен азаматтық сот ісін жүргізу тілін белгілейді.

Сондықтан азаматтық даулардағы мемлекеттік тілдің төмен көрсеткішіне тек соттар ғана кінәлі деген жаңсақ пікір қалыптаспау керек. Соттарға талап қою арыздары қай тілде жазылып беріледі, сол тілде азаматтық сот ісі жүргізілуі тиіс.

Яғни, сот талап қоюды өндіріске қабылдап, азаматтық іс қозғалғаннан кейін, істі сот талқылауына дайындау сатысында ғана сот ісін жүргізу тілін өзгерте алады. Ол үшін тараптардың жазбаша өтінішхаты қажет. Бұл орайда ерекше мән беретін жағдай республика соттарында ресми тілде қаралып жатқан азаматтық даулардың басым көпшілігін банктік міндеттемелерді орындамаудан туындаған даулар құрайды. Осы санаттағы даулардың қатарына екінші деңгейдегі банктер және шағын қаржы ұйымдарының өкілдері әзірлейтін талап қоюлар қосылған.

Өз кезегінде бұл екінші деңгейдегі банктер және шағын қаржы ұйымдарының өкілдері сотқа берілетін талап қоюларды орыс тілінде әзірлейді. Сонымен қатар олар соттан азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарауды сұрайды. Азаматтық процестік кодекстің 267-2-бабында оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер санаттары көзделген. Онда, талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қоюлар бойынша істер оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралуға жататыны нақты айтылған.

Бұл санаттағы істер оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралады және даусыз талаптарға жатады. Сондықтан сот талап қоюды өз өндірісіне ол берілген тілде, яғни орыс тілінде оңайлатылған



Талғатбек БЕРТАНОВ, Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық сотының төрағасы

тәртіппен қарау жөнінде ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарым шығарылған күннен бастап жауапкер жақтан яғни, жеке немесе заңды тұлғалардан сот ісін жүргізуді жалпы тәртіппен қарауға өту туралы қарсылық түспесе сот бір ай мерзімде тараптарды шақыртпастан азаматтық істі қарайды және тиісті шешімін қабылдайды.

Демек, бұл жерде назар аударатын мән-жайлар бар. Банктік міндеттемелерін өтей алмай жүрген облыс орталығынан тыс аудандарда, кенттерде және ауылдық елді мекендерде тұратын халықтың басым көпшілігін қазақтар құрайды. Десе де олардың барлығы орыс тілін толық меңгерген деп айту қисынсыз. Қазақ тілін жетік меңгермеген кейбір заңгерлер секілді қаймағы бұзылмаған ауылдық елді мекендерде тұратын азаматтарымыз да орыс тілін жетік меңгермеген немесе толық білмейтіні анық.

Осы міндеттемелер бойынша берешектері бар елді мекендерде тұратын азаматтарымызға қатысты оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралып, орыс тілінде сот шешімдерін шығарып, олардың құқығын шектеп жатқан жоқпыз ба? Осы орайда, неге қаржы ұйымдарының өкілдері немесе заңгерлер қауымдастығы сотқа талап қоюларын мемлекеттік тілде бермейді деген заңды сұрақ туындайды. Өйткені оларға Азаматтық процестік заңнама тұрғысынан қойылатын нақты талап жоқ.

Мәселен, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабында Қазақстанда қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады деп көрсетілген.

> *Менің пікірімше, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабын Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкестендіру арқылы өзгерістер енгізетін уақыт жеткен секілді. Себебі, жоғарыда атап өткендей, республика соттарында мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істермен салыстырғанда, азаматтық істердің көрсеткіші әлдеқайда төмен.*

Бұл Қылмыстық-процестік норма сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркелген сәтінен бастап, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тергеушіге тапсыру, тергеушінің қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдау, тергеп-тексерудің нысанасын айқындау тағы басқа да процестік құжаттардың барлығын мемлекеттік тілде рәсімдеуі тиіс. Кейіннен мемлекеттік тілді білмейтін қорғалуға құқығы бар куә, күдікті, айыпталушының өтінішхаты негізінде қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілде өзгерту туралы уәжді қаулы шығарып, сот ісін жүргізу тілін мемлекеттік тілден басқа тілге өзгертеді.

Менің пікірімше, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабын Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкестендіру арқылы өзгерістер енгізетін уақыт жеткен секілді. Себебі, жоғарыда атап өткендей, республика соттарында мемлекеттік тілде қаралған қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істермен салыстырғанда, азаматтық істердің көрсеткіші әлдеқайда төмен.

Жоғарыда аталғандай тілді меңгермеген азаматтарымыздың Конституциялық құқығын қорғау үшін ресми тілдегі азаматтық сот ісін жүргізуде егер екінші тарап (жауапкер) қазақ ұлтынан болса, онда міндетті түрде аудармашыны сот өз бастамасымен тарту қажет. Өйткені жауапкер жағынан қатысатын азаматтарымыз, әсіресе банктік міндеттемелерден туындайтын дауларда тараптарды сотқа шақырмай қарау кезінде олар сот құжатының аудармасын соттан талап ету құқығын білмей жатады.

Осыған орай, республиканың әр сотында арнайы аудармашы штаттарын қарастырған артық болмас еді.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда бұл бағытта қол жеткізілген нәтижелермен қатар, шешімін күткен жүйелі мәселелер де аз емес. Әсіресе, отандық өндірісті мемлекеттік қолдау мен нақты экономикалық нәтиженің арасындағы байланысты күшейту қажеттігі айқын сезіледі. Құрылтайда өткен «Өңдеу секторын ынталандыру және офтейк-келісімшарттарды енгізу туралы» Үкімет сағатында осы мәселелер жан-жақты қаралды.

Ресми статистикаға сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 49 пайызға немесе 30,7 триллион теңгеге жеткен. Бұл тау-кен өндіру саласының көрсеткішінен 4,7 пайызға жоғары. Тау-кен өндірісінің көлемі 27,8 триллион теңгені құрап, жалпы өнеркәсіптегі үлесі 44,3 пайыз болған. Бұл деректер өнеркәсіп құрылымында өңдеу секторының салмағы артып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен өндіріс көлемінің өсуі экономиканың технологиялық тұрғыдан жаңарғанын немесе импортқа тәуелділіктің азайғанын өздігінен білдірмейді.

Үкімет сағатында көтерілген басты мәселенің бірі де осы болды. Қазақстанда металл, мұнай, газ және басқа да табиғи ресурстар жеткілікті болғанымен, өнеркәсіпке қажетті жабдықтардың, қосалқы бөлшектердің, материалдар мен дайын бұйымдардың едәуір бөлігі әлі де шетелден сатып алынады.Мәселен, мұнай-газ секторындағы сатып алуларда отандық тауарлардың үлесі биылғы бірінші жартыжылдықта небәрі 21,3 пайыз болыпты. Ал қатты пайдалы қазбаларды өндіруші жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуындағы қазақстандық өнімнің үлесі 17 пайыз деңгейінде қалған. Демек, елімізде өндірістік әлеуетті кеңейтуге мүмкіндік болғанымен, ішкі нарықтағы сұраныстың елеулі бөлігі әлі де импорт есебінен қамтамасыз етіліп отыр.

Осыған байланысты Үкімет сағатында отандық өндірушілер үшін ішкі нарыққа жол ашу, ірі компаниялардың сатып алуларын ұлттық өнеркәсіпті дамыту құралына айналдыру мәселесі ерекше назарға алынды. Бұл орайда Құрылтайдың Экономикалық саясат, өнеркәсіп және энергетика комитетінің төрайымы Наталья Годунова ортаға салған деректер біраз жайды аңғартты. Годунова ханымның айтуынша, өңдеу өнеркәсібін дамытуға 2010 жылдан бері бюджет пен Ұлттық қордан 10 триллион теңге бағытталған. Алайда осы кезеңде өңдеу өнеркәсібінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 11,3 пайыздан 12,8 пайызға ғана өскен. «Мемлекеттік қолдаудың көлемі емес, оның нақты экономикалық нәтижесі маңызды», – деген комитет төрайымы өнеркәсіп саясатының тиімділігін бағалауда бірқатар негізгі көрсеткішке басымдық беру қажеттігін мәлімдеді. Атап айтқанда, қосылған құнның өсуі, еңбек өнімділігі, өнімді терең өңдеу



деңгейі, импортқа тәуелділіктің төмендеуі және жеке инвестициялардың тартылуы.

Өңдеу өнеркәсібінің экспорты 15 миллиард доллардан 29 миллиард долларға дейін, яғни екі есеге жуық өскен. Дегенмен оның елдің жалпы экспортындағы үлесі 36 пайыз ғана. Экспорт құрылымында әлі металлургия өнімдерінің басымдығы сақталып отыр. Ал жоғары технологиялық өнімдердің үлесі әлі де төмен. Бұл экспорт көлемінің өсуімен қатар, оның сапалық құрылымын да өзгерту қажеттігін көрсетеді.

Комитет төрайымы еңбек өнімділігінің көрсеткіштеріне де тоқталды. Номиналды долларлық мәнде бір жұмысшыға шаққандағы еңбек өнімділігі 30 мың доллардан 63 мың долларға дейін артқан. Ал нақты өсім шамамен 70 пайыз болған. Сонымен бірге 2020–2025 жылдары өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі шамамен 11 триллион теңгеге жеткен. Бірақ осы қаражаттың нәтижесінде қанша жеке инвестиция тартылғаны, мемлекеттік қолдаудың әр теңгесі қаншалықты экономикалық қайтарым бергені туралы толық мәліметтің болмауы да алаңдатады. Осы жайлы айта келіп, Годунова өнеркәсіпке көрсетілетін қолдаудың тиімділігіне соңғы бес жыл бойынша кешенді бағалау жүргізуді ұсынды. Оның қорытындысы бойынша нәтижесіз құралдардың қаржыландырылуын қайта қарау қажеттігін айтты.

Үкімет сағатындағы талқылаудың негізгі өзегі – офтейк-келісімшарттар тетігі болды. Жиында айтылған әңгімеден түйгенміз, бұл құралдың әлеуеті толық пайдаланылып отыр деп айту қиын. Кей жағдайда ұзақмерзімді офтейк-келісімшарттар нақты өндірісті дамытуға емес, қысқа мерзімді корпоративтік көрсеткіштерді орындауға бағытталған қарапайым сатып алу шарттарымен алмастырылып жатады екен.Үкімет сағатында сөз сөйлеген депутаттар ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен ірі жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу саясатын қайта қарау қажеттігін атап өтті. Олардың айтуынша, отандық кәсіпорын өндірісті кеңейтуге дайын болғанымен, оның өнімін кім және қандай көлемде сатып алатыны белгісіз. Мұндай жағдайда кәсіпкер үшін жаңа технологияға инвестиция салу да, өндірістік қуатты арттыру да үлкен тәуекелге айналады. Екінші жағынан, банктер офтейк-келісімшарттарды сенімді кепіл ретінде қабылдауға асықпайды. Кәсіпкерлерден жылжымайтын мүлік немесе басқа да қосымша активтер талап етіледі. Ал коммерциялық сектордағы несие мөлшерлемесі 16 пайыздан жоғары болған жағдайда көптеген өндірістік жобаның экономикалық тиімділігі төмендейді. Сондықтан отандық өндірушілерге кепілді сұраныс қалыптастырумен қатар, офтейк-келісімшарттардың қаржыландыру құралы ретіндегі мүмкіндігін кеңейту қажет. Бұл ретте депутаттар сатып алудың бір бөлігін қазақстандық кәсіпорындарға бекіту, ұзақмерзімді шарттардың орындалуына құқықтық кепілдік беру, тапсырыс берушінің келісілген көлемді біржақты қысқартуына немесе төлемді кешіктіруіне жол бермеу мәселелерін көтерді.

Үкімет сағатында отандық өнімге деген ішкі сұранысты қалыптастыру мәселесі де кеңінен сөз болды. Бұл істің мәні тереңде. Өйткені мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алуларына жұмсалатын қомақты қаражат ел экономикасының дамуына қызмет етуге тиіс. Яғни, бұл қаржы шетелдік жеткізушілерге кетіп қана қоймай, отандық кәсіпорындардың қалыптасуына, жаңа технологиялардың енгізілуіне және өндірістік тізбектердің дамуына мүмкіндік жасауы қажет.

Үкімет сағатында мемлекеттік қолдаудың міндетті түрде нақты қарсы міндеттемелермен қатар жүруі қажеттігі де атап өтілді. Құрылтай депутаттары мемлекеттік қолдауды жобаның барлық кезеңімен байланыстыру жөнінде бірқатар ұсыныс айтты. Бұл орайда өндірістік жобаларға инфрақұрылым тарту мен қаржыландыру, кәсіпорынды іске қосу мен жобалық қуатына шығару, өндіріс құру мен өнімді өткізу арасындағы алшақтықтарды жою қажеттігі айрықша аталып өтті. Инвестициялық жобаларды тек қаржыландыру немесе құрылыс кезеңінде қолдау жеткіліксіз. Оларды толық өндірістік қуатына шыққанға дейін сүйемелдейтін бірыңғай жүйе қажет.

> *Үкімет сағатында сөз сөйлеген депутаттар ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен ірі жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу саясатын қайта қарау қажеттігін атап өтті. Олардың айтуынша, отандық кәсіпорын өндірісті кеңейтуге дайын болғанымен, оның өнімін кім және қандай көлемде сатып алатыны белгісіз.*

Үкімет сағатын қорытындылаған Құрылтай төрағасының орынбасары Дана Еспаева талқылаудың негізгі түйіні мемлекеттік қолдаудың көлемінде емес, оның нәтижесінде екенін атап өтті. Оның айтуынша, өңдеу өнеркәсібін қолдау тетіктерін бөлінген қаржының ауқымымен немесе жасалған келісімшарттар санымен ғана бағалауға болмайды. Басты нәтиже – жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар, бәсекеге қабілетті өнім, еңбек өнімділігінің артуы және тұрақты жұмыс орындары. Сонымен қатар ол ұзақмерзімді офтейк-келісімшарттарды бірінші санаттағы кепілдік қамтамасыз ету ретінде қабылдау және жоба құнының 80-85 пайызы көлемінде несие алу мүмкіндігін қарастыру үшін екінші деңгейлі банктерге қойылатын талаптарды қайта қарау қажеттігін айтты.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

БЕЗБЕН

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ТИІМДІ ТҰСЫ КӨП

Несие алудағы талаптардың жеңілдігі, қаржылық сауаттың төмендігі қарапайым халықтың әлеуметтік қиындыққа тап болуына ықпал еткені рас. Бұл елеусіз қалдыратын мәселе емес. Себебі, Конституцияда дәйектелгендей мемлекеттің ең басты байлығы – адам, оның құқығы мен бостандығы. Сәйкесінше, мемлекет әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын сақтауға қалай жіті көңіл бөлсе, олардың жайлы ортада алаңсыз өмір сүруіне де ерекше ден қоюға міндетті.

Осы ретте қаржылық қиындыққа тап болып, төлем қабілеті төмендеген азаматтардың банк пен түрлі қаржы ұйымдары алдындағы қарызының қордалануы да мемлекет назарынан тыс қалмағаны белгілі. 2023 жылдан бастап қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң сол халық мүддесін көздеген, азаматтарды қаржылық қиындықтан шығаруға бағытталған бірегей құжат.

Қарыздың шамадан тыс артуы жеке адамға ғана емес, оның отбасының әл-ауқатына, әлеуметтік жағдайына, психологиялық ахуалына және жалпы қоғамдағы қаржылық тұрақтылыққа кері әсерін тигізетіні мәлім. Ал азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық институтының енгізілуі осы мәселенің заң аясында реттелеуіне негіз қалады. Бұл заң азаматтардың қаржылық жағдайын реттеуге мүмкіндік беруімен, кредиторлар мен борышкерлер мүддесін тең дәрежеде қорғауымен және азаматтардың қаржылық тұрғыдан қайта қалыпқа келуіне жағдай жасауымен құнды болып отыр.

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңында жеке тұлғалардың қарызын шешудің үш түрлі рәсімі қарастырылған. Оның біріншісі соттан тыс банкроттық болса, екіншісі – сот арқылы банкроттық. Ал үшіншісі әрі ең жиі қолданылатыны – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру тетігі. Соттан тыс банкроттық барысында заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін азаматтардың банк, микроқаржы ұйымы мен коллекторлық агенттік алдындағы берешегі реттелсе, сот арқылы банкроттық рәсімі кезінде заңда көзделген негіздер болған жағдайда қарызды реттеу сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Осы екі рәсіммен салыстырғанда төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің тиімді тұсы көп. Себебі, бұл рәсім тұрақты табысы немесе міндеттемелерін орындауға жеткілікті мүлкі бар азаматқа қарызын бөліп төлеуге мүмкіндік беруді көздейді. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысы тарапынан бірлесіп әзірленіп, соттың бекітуіне ұсынылады.

Алдыңғы екі рәсім қолданылған жағдайда азаматтар банкрот мәртебесін алады, сонымен бірге олардың жеті жылға дейін несие алуына тыйым салынып, Қазақстан шекарасынан шығуына шектеу қойылады. Ал төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі қолданылғанда азаматтар банкрот мәртебесін алмайды және банкроттыққа байланысты шектеулер қолданылмайды.

Мұндай істерді қарау соттан ерекше жауапкершілік пен жан-жақты талдауды қажет етеді. Істі зерделеген судья жеке тұлғаның берешек көлемін анықтап қана қоймай, борышкердің нақты қаржылық жағдайын, табыс көздерін, мүлкін, міндеттемелерінің көлемін және төлем қабілеттілігін жоғалту себептерін сараптауы шарт. Әсіресе, борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтердің шынайылығын анықтау аса маңызды. Себебі сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай кейбір жағдайларда азаматтар өздерінің мүлкі мен табысын толық көрсетпеуі немесе міндеттемелерін орындаудан жалтаруы әбден мүмкін. Бұдан бөлек, кредиторлардың заңды мүддесінің сақталуына көңіл бөлген орынды.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге қатысты істерді қарағанда бірқатар қиындықтың кездесетінін атап өткен дұрыс. Біріншіден, борышкердің нақты қаржылық жағдайын анықтау оңай емес. Айталық кейбір азаматтар бірнеше банктен және микроқаржы ұйымынан несие алуы мүмкін. Мұндай жағдайда барлық міндеттемелерді, табыс көздерін және мүліктік жағдайды толық анықтау үлкен ізденіс пен зерделеуді талап етеді. Екіншіден, төлем қабілетін қалпына келтіруге қатысты істер азаматтардың қаржылық сауатының әлі төмен екеніне көзімізді жеткізіп отыр. Кейбір азаматтар қарыз алуға жауапсыз қарайды, өзінің берешекті төлеу мүмкіндігін екшеп, есептей алмайтындар да жеткілікті.



Сондықтан алдағы уақытта азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру тетіктерін жетілдірумен бірге, халықтың қаржылық сауатын көтеру, берешекті қайтаруға қатысты жауаптылығын нығайту шаралары үздіксіз жүргізілуі керек. Осындай кешенді іс-шаралар қолға алынбаған жағдайда несиені есепсіз алатындар да, қарызын кешіруді сұрап құзырлы орындардан көмек сұрайтындар қатары да азаймасы анық.

Нұрсапа ПРИМАШЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

ПАЙЫМ

Халқымыз ежелден «Отан – отбасынан басталады» деп шаңырақтағы шаттыққа, жарымен жарасым табуға, жасыл құрақтай жайқалған ұл-қызына тәлім-тәрбие беруге, ағайын-туғанның арасында сыйластық орнауына айрықша мән беріп, отбасы құндылықтарын сақтап келген.

ОТБАСЫН САҚТАП ҚАЛУ ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМ



Нұрбол ТОЛЫҚПАЕВ,
Қостанай ауданаралық сотының судьясы

Тіпті болашақ жарын бұрын-соңды көрмей, ата-анасы құда түсіп үйленгендер де отбасын бұзбауға бейіл болған. Ал қазіргідей әркім өз қалауымен, сүйген адамына қосылуға толық еркіндік берілген қоғамда ажырасушылар қатарының жыл өткен сайын көбеюі алаңдатпай қоймайды.

Статистикалық мәліметке сәйкес, Қостанай ауданаралық сотында (Алтынсарин ауданын қоса алғанда) 2026 жылдың 8 айында 1096 талап қою арызы келіп түсіп, оның ішінде 186 неке бұзу туралы (16.9%) талап қою арызы қаралған. Осы арыздардың 100-і (70.9%) қанағаттандырылып, 41-і (29%) ерлі-зайыптылардың татуласуына байланысты өндірістен тоқтатылған.

Тәжірибемнен байқағаным, некені бұзуға арызданатындардың көбі жастар және 80-90 пайызының кәмелет жасқа толмаған бір немесе бірнеше баласы бар. Ажырасушылардың әрқайсысы әрқалай себептерді алға тартады. Бірі күйеуін кінәлі деп санаса, енді бірі әйелін кінәлі деп есептейді. Жараса алмадық, мінезіміз үйлеспеді дейтіндер де бар.

Некені бұзу туралы азаматтық істі қараған кезде судьяның алдында тұрған міндет ерлі-зайыптыларды ажырату емес, керісінше татуластыруға, заңды некені сақтап қалуға негізделеді. Соған орай жұбайларды татуластыру үшін оларға дауды Азаматтық процестік кодексінде көзделген татуластыру рәсімдері арқылы шешу құқығы мен оның салдары түсіндіріледі. Райынан қайтпаса, ерлі-зайыптыларға ашу-үстінде асығыс шешім қабылдамас үшін ойлануға мерзім беріледі. Осы уақыттарда татуласып кеткендер де жоқ емес. Ал, мүлдем райынан қайтпауға бел буып келгендердің некесін бұзудан басқа амал қалмайды.

Елімізде қоғамдағы даукестік деңгейін төмендетіп, дауларды келісім арқылы тиімді шешу үшін түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Арнайы «Медиация туралы» заң қабылданды. Азаматтық процестік кодексте татуластыру рәсімдері туралы арнайы тарау енгізілді. Өңірлерде Билер кеңестері құрылды. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың бастамасымен «Татуласу: сотқа дейін, сотта», «Отбасылық сот» сынды пилоттық жобалар іске асырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар нәтижесіз емес, әйтсе де отбасылық даулардың әулет үлкендерімен емес, сот арқылы шешілетіні өкінішті-ақ.

МЕЖЕ

«ЭКОЛОГ-ҚҰҚЫҚТАНУШЫ» БОЛУДЫҢ ӘЛІППЕСІ

Бір саланы жетік меңгерген, бір кәсіптің қыр-сырын терең білген мамандардың қоғамға тигізер пайдасы орасан. Өйткені кәсіби маманға өзі қызмет етіп отырған саланың жетістігін дамытып, кемшілігін айқындау, сындарлы шақта дұрыс шешім қабылдау оңай.



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультетінде де заңгерлердің белгілі бір саланы жетік біліп, теория мен тәжірибені қатар меңгеріп шығуына ерекше мән беріледі. Ал факультет жанынан ашылып, 2010 жылдан бастап жүргізіліп келе жатқан «Эколог-құқықтанушы» студенттік ғылыми үйірмесінің мақсаты ауқымды.

Бұл үйірме Заң факультетіндегі кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының бастамасымен қолға алынған еді. Мұнда студенттер экологияға қатысты заң нормаларын тереңдетіп оқып қоймай, қоршаған ортаны қорғаумен тікелей айналысатын құзырлы органдардың жұмысымен танысып, тығыз байланыста жұмыс істеуге дағдыланады. Сондай-ақ, экологиялық заңнамалардың тәжірибеде қалай қолданылатынын білу үшін сот процестеріне қатысып, адвокаттардың, прокурорлардың, судьялардың соттағы жұмысын таразылайды. Экологиялық құқық бұзушылықтар талқыланған сот отырыстары заңнамалардың тәжірибеде нақты қалай қолданылатынын түсінуге таптырмайтын мүмкіндік. Сол арқылы студенттер адвокат ретінде экологиялық істерде көмек берудің, прокурор ретінде мемлекеттік мүддені қорғаудың, судья ретінде құқық бұзушыға жауаптылық белгілеудің тәртібін меңгереді.

Бұдан бөлек үйірме табиғатты қорғау қызметіне, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, түрлі экологиялық акцияларға қолдау көрсетеді. Кафедра оқытушылары дәрістер барысында студенттердің экологиялық дүниетанымын қалыптастыруға және экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

«Эколог-құқықтанушы» студенттік ғылыми үйірмесінің мақсаты анық. Мұндағы негізгі жұмыс ынталы студенттерге экологиялық-құқықтық мәселелерді түсіндіріп, сондай-ақ аграрлық қатынастарды құқықтық реттеуге, табиғи ресурстар саласындағы заңнама мәселелерін зерделеуге және ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Айына бір рет өтетін үйірмелер барысында студенттерді волонтерлік және табиғатты қорғау қызметіне араластыру арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы әлеуметтік белсенділігін арттыру көзделіп отыр. Сондай-ақ үйірме жетекшілерінің мұрындық болуымен өткен ғылыми конференциялар мен семинарлардың, жарыстар мен олимпиадалардың, пікірталастар мен шығармашылық кештердің студенттердің экологиялық білімін шыңдауға көмегі көп.

Сабыржан ЖАПАҚОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
аға оқытушысы

ОҢ ҚАДАМ

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ТАЛҒАМ МЕН ТАЛАП

Заманауи өзгерістер енгізілмеген сала аз. Жаңа технология мен жасанды интеллект сот қызметіне де соны серпін әкелді. Басқа салалар секілді бұл жаңашылдықтар сот жұмысын жандандыруға, сот процестерін оңтайландыруға, сот пен халық арасындағы диалогты орнықтыруға ықпал етті.

Бұрын сот саласын цифрландыру дегенде «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі, сот отырыстарын бейнеконференц байланыс арқылы өткізу, онлайн сот процестері, электрондық құжат айналымы сияқты жаңашылдықтар көз алдымызға келетін. Талап-арызы мен сұранысын үйінде отырып жолдап, қажетті құжаттарын онлайн алуға үйренген жеке және заңды тұлғалар соттағы осындай оң өзгерістерге жоғары баға беретін еді. Ал жасанды интеллект осы жетістіктерді бұдан да жоғары сапаға, жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беріп отыр.

Расында жасанды интеллект тек сот төрелігін ғана емес, барша саланы дамытудың жаңа мүмкіндігі. Бүгінде ЖИ сот жұмысын жеделдетіп қана қоймай, құқық қолдану тәжірибесін жүйелеуге, сот қызметінің сапасын арттыруға ықпал етті. Әсіресе жасанды интеллектті сот жұмысына енгізу бойынша жүргізіліп жатқан ізденістер сот қызметкерлерінің күнделікті қызметін айтарлықтай жеңілдетері даусыз. Себебі, жасанды интеллект көмегімен құжаттарды сұрыптау, қажетті ақпаратты іздеу, істер бойынша материалдарды жүйелеу, сот актілерінің жобаларын дайындауға анағұрлым тез әрі тиімді болары анық.

Сонымен бірге, жасанды интеллект көлемі айтарлықтай үлкен құқықтық ақпараттарды талдауда ұтқыр көмекші бола алады. Әсіресе, мұның жоғары жүктемемен жұмыс істеп отырған судьяларға көмегі көп болмақ. Жасанды интеллект заңнамалық актілерді, нормативтік қаулыларды және сот практикасын салыстыруға, қажетті құқықтық ақпаратты қысқа мерзімде ұсынуға бейімделгендіктен, судьялардың бұл жаңашылдықты күнделікті қызметіне қолдануы кезек күттірмейді.

Жасанды интеллектің сот процестерін дұрыс, сапалы ұйымдастыруға ықпалы зор. Айталық сот отырыстарының дыбыстық жазбасын мәтінге айналдыру, құжаттардағы техникалық қателерді анықтау, істерді электрондық түрде өңдеу сот қызметкерлерінің бірқатар уақытын алатыны рас. Ал жасанды интеллект мүмкіндіктеріне сүйенген жағдайда кез келген дыбыстық хабарламадан мәтін дайындап, хаттамалардың қатесін түзеу, ұқсас істерді өңдеу күнделікті жұмыстың біріне айналмақ.

Қазіргі кезде судьялар «Судьяның цифрлық көмекшісі» сервисін қолдана отырып, талап қою мәтінін талдауға, тараптардың дәлелдерін жүйелеуге, ұқсас істерді іздеуге және бұрын қабылданған сот актілерін салыстыруға қолжеткізді. Бұл судьялардың уақытын үнемдеп, күрделі істерді неғұрлым тереңірек зерделеуіне көмегін тигізді.

Жасанды интеллекттің игілігін тиімді пайдалану үшін судьялар мен сот қызметкерлерінің білімін көтеру, сандық технологияға қатысты сауатын арттыру аса маңызды. Сонымен бірге, біз бұл жаңашылдықты жаппай қолданудың тиімді жағы мен теріс тұсы да болатынын қаперден шығармауымыз керек. Әсіресе, жасанды интеллект көмегіне жүгінгендер азаматтардың жеке деректері мен сот материалдарының құпиялылығын сақтауға айрықша көңіл бөлгені жөн. Бұдан бөлек, судьялар мен сот қызметкерлері жасанды интеллект ұсынған ақпаратты бірден қабылдап, пайдалана бермей, әрбір деректің дұрыстығын міндетті түрде тексеруі тиіс. Себебі, жаңа технология ақпараттары алгоритмдік қателіктерден сақтандырылмаған. Тіпті, аудармадағы олқылықтар сот тәжірибесін қате ұсынып, қолданушыны шатастыруы әбден мүмкін. Бұл бізден ЖИ көмегімен әзірленген кез келген құжаттағы құқықтық нормалар мен сілтемелердің шынайылығына сақ қарап, бірнеше қайтара тексеру мен салыстыруды талап етеді.

Айжан ДҮМШЕБАЙ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшісі басшысының орынбасары

ҚЫЛМЫСПЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛЕТІН МАМАНДАРДЫ КҮЙЗЕЛІСТЕН ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Күйзелістің салдары денсаулыққа да әсер етеді. Бас ауруы, қан қысымының көтерілуі, асқазан мәселелері туындауы ықтимал. Бұған қоса, жұмыстағы психологиялық қысым отбасылық қарым-қатынасқа да әсер етеді. Адам тұйықталып, жақындарына көңіл бөлуге шамасы жетпей жатады.

Осы ретте күйзеліспен күресу тек маманның жеке міндеті емес, бұл – мемлекеттік жүйе мен қоғамның да жауапкершілігі. Ең алдымен, жұмыс пен жеке өмірдің арасын ажырата білу керек. Жұмыстан кейін серуендеп, спортпен айналысып, отбасына уақыт бөлген жөн. Жақындарымен араласу, достарымен пікір алмасу және сапалы ұйқы да психологиялық жағдайды жақсартады. Ал мемлекет тарапынан судьялардың жұмыс жүктемесін реттеу, ауыр істерді қарайтын мамандарды алмастырып отыру, еңбек демалысын ұзарту және әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелеріне көңіл бөлінуі қажет. Психологтармен тұрақты кездесулер ұйымдастыру да маңызды.

Меніңше, судья қандай жағдайда да сабырлы әрі әділ болуы керек. Адалдық пен ар-ожданға сүйеніп қабылданған шешім адамның ішкі тыныштығын сақтайды. Өз ісіне сенімді, әділетті маман психологиялық қысымды да жеңілірек еңсереді.

Айнұр МОЛДАХЫНОВА,
«АзияМед» емдеу-диагностикалық орталығының бас дәрігері:

Күйзеліс кәсіби қызметтің сапасына теріс әсер етеді



Судьялар мен полиция қызметкерлерінің жиі күйзеліске ұшырауының басты себебі – мойнындағы жауапкершіліктің жоғары болуында. Олар күнделікті жұмысында күрделі жағдайларға тап болып, кейде адамның тағдырына әсер ететін маңызды шешімдер қабылдайды. Сонымен қатар үнемі психологиялық қысымда, уақытты жеткізе алмай, эмоционалдық жүктемемен жұмыс істейді. Осындай факторлар жүйке жүйесіне салмақ түсіріп, біртіндеп созылмалы күйзеліске әкелуі мүмкін.

Күйзелістің ұзаққа созылуы адамның психологиялық жағдайына да, физикалық денсаулығына да кері әсер етеді. Ең алдымен, ұйқы бұзылады, ашушаңдық, мазасыздық, тез шаршау, зейіннің төмендеуі байқалады. Кейбір адамдарда эмоционалдық қажу, кәсіби күйіп кету синдромы, тіпті депрессиялық жағдай дамуы мүмкін. Сонымен қатар созылмалы стресс қан қысымының жоғарылауына, бас ауруына, жүрек-қантамыр жүйесі мен ас қорыту жүйесінің бұзылуына ықпал етуі мүмкін. Ең қауіптісі – адамның эмоциясын бақылауы және дұрыс шешім қабылдауы қиындайды. Ал психологиялық денсаулықты сақтау кәсіби қызметтің сапасына да тікелей әсер етеді.

Сондықтан судьялар да, полиция қызметкерлері де өз денсаулығына уақытылы көңіл бөлуі керек. Жұмыс пен демалыс тәртібін сақтау, жеткілікті ұйықтау, спортпен айналысу, таза ауада серуендеу және жақын адамдармен қарым-қатынас жасау өте маңызды. Қажет болған жағдайда психологқа немесе психотерапевтке жүгінуден қорықпау керек. Өкінішке қарай, кейбір адамдар психологқа баруды әлсіздік деп қабылдайды. Бұл – қате түсінік. Керісінше, өз психологиялық жағдайына жауапкершілікпен қарау – адамның ішкі мәдениеті мен денсаулығына деген қамқорлығының белгісі. Мұндай мамандық иелеріне жұмыс орындарында тұрақты психологиялық қолдау көрсетіліп, кәсіби күйзелістің алдын алу бағдарламалары ұйымдастырылуы қажет.

Дені сау маман ғана өз міндетін сапалы атқара алады. Сондықтан полиция қызметкерлері мен судьялардың психологиялық саулығы – жеке адамның ғана емес, жалпы қоғамның маңызды мәселесі деп есептеймін.

Айжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, коммуникативтік дағдылар кафедрасының профессор ассистенті:

Психологиялық тұрақтылық – қысымға үнсіз шыдау емес

Полиция қызметкерлері мен судьялардың жұмысы аса жауапты. Себебі олардың қабылдаған шешімдері адамның тағдырына, өміріне, отбасына және болашағына тікелей әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда адам әрбір қадамын ойланып жасауға, эмоциясын бақылауға және кез келген жағдайда кәсіби ұстанымын сақтауға мәжбүр. Бірақ бүгінгі күні бұл жауапкершілікке тағы бір үлкен фактор қосылды. Ол – интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы.



Қазір қандай да бір оқиға орын алса, ол туралы ақпарат бірнеше минуттың ішінде бүкіл елге, тіпті әлемге таралып кетуі мүмкін. Оқиғаның толық мән-жайы анықталмай тұрып-ақ, адамдар өз пікірін білдіріп, баға беріп, кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін талқылай бастайды. Кейде кәсіби маманның әрбір әрекетін, сөзі мен шешімін тек құзыретті органдар ғана емес, бұл саланың ерекшелігін білмейтін мыңдаған адам бағалайды.

Мысалы, полиция қызметкері күрделі жағдайда шешім қабылдауы керек. Бірақ сол сәтте оның әрекеті телефонға түсіріліп, әлеуметтік желіге жариялануы мүмкін екенін де ескереді. Судья да қабылдаған шешімінің тек заң аясында ғана емес, қоғамдық пікір тұрғысынан да талқыланатынын түсінеді. Міне, осындай жағдайда адамға екі жақты психологиялық қысым түседі: бір жағынан, өз кәсіби міндетін дұрыс орындау керек, екінші жағынан, қоғамның сынына, теріс пікіріне және ақпараттық қысымға төтеп беру қажет.

Егер адам үнемі қысым жағдайында жұмыс істесе, уақыт өте келе оның жүйкесі шаршайды. Бастапқыда адам барлық жағдайды сабырмен қабылдауы мүмкін, бірақ ұзақ уақыт бойы осындай жүктемеде жүру біртіндеп өзінің әсерін көрсетеді. Мысалы, адам жұмыстан шыққаннан кейін де қызметтік мәселелерді ойлап жүреді, телефондағы жаңалықтар мен пікірлерді қайта-қайта қарайды, өзіне қатысты айтылған сындарды жүрегіне жақын қабылдайды. Кейде ертең қандай жағдай болатынын, тағы қандай ақпарат тарайтынын ойлап, толық демала алмайды. Мұның салдарынан ұйқы бұзылады, ашушаңдық пайда болады, шаршау жиналады, жақын адамдарымен қарым-қатынасы өзгеруі мүмкін. Кейбір адамдар керісінше, эмоциясын көрсетпеуге тырысып, біртіндеп тұйықталып кетеді.

Тағы бір маңызды мәселе – адам бірте-бірте жұмысына деген қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Бұрын қалыпты қабылдаған жағдайлар енді ашу немесе шаршау тудыра бастайды. Адамның шыдамдылығы азайып, шешім қабылдау кезінде де психологиялық шаршаудың әсері байқалуы мүмкін. Сондықтан кәсіби күйзелісті жай ғана шаршау деп қабылдауға болмайды. Егер ол ұзақ уақыт жалғасса, адамның денсаулығына да, жұмысының сапасына да әсер етеді.

Ең алдымен, мұндай мамандар өздерінің де шаршайтынын, қобалжитынын және психологиялық қолдауға мұқтаж болатынын қалыпты қабылдауы керек. Өйткені кәсіби маман болу – ешқашан шаршамау немесе эмоцияны сезінбеу деген сөз емес.

Практикалық тұрғыдан бірнеше нәрсеге назар аударған жөн. Біріншіден, жұмыстан тыс уақытта өзіне демалуға мүмкіндік беру қажет. Қызметтік мәселелерді үйге алып келмеуге, әлеуметтік желілердегі әрбір пікірді оқып, оған жауап беруге тырыспауға үйрену маңызды. Әсіресе өзіне қатысты айтылған жағымсыз пікірлердің барлығын жақын қабылдамау керек.

Екіншіден, эмоциялық жағдайды реттеудің қарапайым тәсілдерін меңгеру қажет. Мысалы, тыныс алу жаттығулары, серуендеу, дене белсенділігі, отбасымен уақыт өткізу адамның күшін қалпына келтіруге көмектеседі.

Үшіншіден, ауыр жағдайлардан кейін психологиялық көмек алудан қорықпау керек. Психологпен сөйлесу, ішкі қобалжуды талқылау және жиналған эмоциялық жүктемені азайту кәсіби тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар бұл мәселені тек қызметкердің өзіне қалдыруға болмайды. Ұйым басшылығы да қызметкерлердің психологиялық жағдайына назар аударып, құпия психологиялық кеңес алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет.

Әсіресе мен бір нәрсені ерекше атап өткім келеді: бүгінгі күні жауапкершілігі жоғары мамандық иелеріне тек кәсіби білім мен тәжірибе ғана жеткіліксіз. Оларға ақпараттық қысым жағдайында өзін ұстай білу, негізсіз сынға эмоциялық тұрғыдан берілмеу және психологиялық денсаулығын сақтау да маңызды.

Қоғам маманның жұмысын бағалауға құқылы. Бірақ кез келген жағдайды толық білмей тұрып, әлеуметтік желі арқылы үкім шығару да дұрыс емес. Өйткені экранның ар жағында да өз сезімі, отбасы, уайымы бар адам отырғанын ұмытпауымыз керек. Психологиялық тұрақтылық – қысымға үнсіз шыдау емес, қиындықты дер кезінде сезініп, өзіңе көмектесе білу.

Салтанат ТОБЫҚБАЕВА,
психолог:

«Мен судьямын, әлсіз бола алмаймын» деген стигманы бұзу керек



Судьялар мен полиция қызметкерлері қателігінің бағасы – адам тағдыры. Судья, полицей, прокурор күніне ондаған шешім қабылдайды. Эмоциясын көрсетпеу керек, ал нәтижені толық бақылай алмайды. Осы үш фактор: үлкен жауапкершілік, көп шешім және эмоцияны іште ұстау, миды үнемі шиеленісте ұстайды. Уақыт өте бұл тұрақты күйзеліске айналады.

Ағзаның стресс жүйесі үздіксіз жұмыс істейді. Алғашында адам шыдайды, кейін сарқылу басталады. Эмоцияда немқұрайлылық, ашушаңдық, цинизм пайда болады. Ойлау баяулайды, зейін шашырайды. Денеде ұйқы бұзылады, бас және жүрек тұсы қысылады. Полиция мен судьяларда бұған режимнің бұзылуы қосылады. Түнгі кезекшілік, ауысым, ұйқының жоқтығы циркадтық ырғақты бұзады. Ұйқы бұзылса, ми күндізгі стрессті өңдей алмайды. Сондықтан оларда күйзеліс тезірек жиналады.

Қысымды алып тастау мүмкін емес, оны басқаруды үйрену керек. Таңертеңгі ритуал. Үйден жұмысқа шыққанда отбасылық рөлді тастап, қызметкер рөліне ауысыңыз. 10 минут кешегі және бүгінгі істерді еске алып, «бұл неге олай болды» деп емес, «бүгін мұны қалай шешемін» деген 1-2 нақты қадамға назар аударыңыз.

Кешкі ритуал. Жұмыстан шыққанда айтыңыз: «жұмыстағы оқиғалар осында қалады». Жолда отбасыңызға хабарласып сөйлесіп қойыңыз. Немесе 5 жақсы нәрсе жаттығуы: отбасыңызға қатысты 5 жағымды естелікті еске түсіріңіз, балаңыздың күлкісі, бірге ішкен шай. Бұл миды қауіп іздеуден қамқорлық режиміне ауыстырады.

Денені босату. Стресс денеде жиналады. Күнде 7-10 минут мойын иықты созу, терең тыныс алу. Аптасына 1-2 рет йога. Міндетті түрде орын ауыстыру: форманы шешіп, душ қабылдап, басқа көшемен жаяу жүру. Миға «қауіпті аймақтан шықтым» деген сигнал барады. Аптасына бір рет толық перезагрузка. Кем дегенде аптасына бір рет табиғатқа, бассейнге, тауға, моншаға бару. Жаңа орта, су, жасыл желек сенсорлық жүйені жаңартып, ұйқыны қалпына келтіреді. Мұны күнтізбеге алдын ала жазып қойған дұрыс. Бұл ермек емес, кәсіби жарамдылықты сақтаудың бөлігі. Эмоцияны жазу. Оқиғаны емес, сезімді жазу. «Бүгін ашуландым, өйткені әділетсіздік көрдім» деген сияқты 10 минуттық жазу мидағы кернеуді азайтады.

Кәсіби және ұжымдық деңгейде: Супервизия және дебрифинг. Ауыр оқиғадан кейін әріптеспен немесе психологпен болғанды талдау, іште сақтамау. «Мен судьямын, әлсіз бола алмаймын» деген стигманы бұзу керек. Көмек сұрау кәсібилікті төмендетпейді, шешім сапасын сақтайды. Басшылық тарапынан психологиялық қолдауды нормаға айналдыру, демалыс және ауысымды дұрыс бөлу. Отбасымен ашық сөйлесу: жұмыстың егжей-тегжейін емес, шаршағаныңызды айту. Егер ұйқысыздық, апатия, күйгелектік 2 аптадан асса, бұл өз бетімен өтетін жағдай емес. Онда штаттық психологқа немесе тәуелсіз маманға жүгіну ең дұрыс кәсіби шешім болады.

Дайындаған Аяжан ТОҚТАСЫН,
Балауса ТҰРҒАЛИ,
«Заң газеті»

№ 89 (3916)
27 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Мейрамбек ПАЗЫЛБЕКОВ, *«Poseydon» аквафермасының директоры:*

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕК БИЗНЕС ЕМЕС, БҰЛ – АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы, жем шығынының 30 пайызын, шабақ пен кейбір басқа шығындардың 50 пайызын өтеу көзделген. Бұл – жақсы бастама. Бірақ нақты өндірісте субсидияға қатысты мәселер бар. Балық шаруашылығында айналым қаражаты өте маңызды. Кәсіпкер алдымен жемді сатып алады, шабақты алады, электр энергиясы мен жалақыны төлейді. Содан кейін ғана өнім өсіріп, сатады. Субсидияны алу үшін көп құжат жинау, талаптарға сәйкестікті дәлелдеу және бюджет қаржысының бөлінуін күту кәсіпкерге қосымша салмақ түсіреді. Мысалы, 2026 жылы Ақмола облысында аквашаруашылықтарға субсидия бөлінген жоқ. Мен үш ұсыныс айтар едім:

- Жем мен шабаққа берілетін субсидияны нақты өндірілген және сатылған балық көлемімен байланыстыру.

- Субсидияға өтінім беруді толық цифрландыру және артық анықтамаларды алып тастау.

- Шағын шаруашылықтар үшін субсидияның қолжетімділігін арттыру.

Тағы бір маңызды мәселе: инвестициялық субсидияның болуы жеткіліксіз. Мысалы, УЗВ салған кәсіпкерге жабдықпен қатар айналым қаражаты, сапалы жем, шабақ және электр энергиясы қажет. Сондықтан мемлекеттік қолдау өндірістің бүкіл циклін қамтуы керек. Аквашаруашылықта электр энергиясына субсидия қарастырылмаған.

– Соңғы жылдары заңсыз балық аулау мен сирек кездесетін бекіре тұқымдас балықтарды жойғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Алайда табиғи су айдындарындағы браконьерлік неге толық тыйылмай тұр?

– Браконьерлік – тек табиғатқа келтірілген зиян емес, бұл экономикалық және ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Әсіресе бекіре тұқымдас балықтардың заңсыз ауланып, уылдырықтың заңсыз айналымы еліміздің табиғи байлығына орасан зиян келтіреді. Қылмыстық жауапкершіліктің күшеюі дұрыс. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 335-бабында балық ресурстарын заңсыз алу үшін, ал сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлеріне қатысты әрекеттер үшін ауырлатылған жауапкершілік қарастырылған. Бірақ неге браконьерлік толық жойылмай отыр?

Менің ойымша, мәселе тек заңның әлсіздігінде емес. Негізгі мәселе – бақылаудың үздіксіздігі мен заңсыз ауланған балықтың нарыққа шығуына жол бермеуде. Браконьерлікпен күрес тек су айдынында қайықпен патрульдеу арқылы шешілмейді. Заңсыз өнімді қабылдайтын, тасымалдайтын және сататын арналарды да бақылау қажет. Оларға да қатаң жаза қолдану қажет.

– Табиғи су айдындарын жалға алушылардың су қоймасына шабақ жіберу жөніндегі заңды міндеттемелері қалай орындалып жатыр? Бұл бағыттағы мемлекеттік бақылауды қалай жетілдіруге болады?

– Бұл мәселе өте маңызды. Себебі табиғи су айдынын балық шаруашылығы мақсатында пайдалануға алған кәсіпкер тек одан табыс табуды ғана емес, оның балық қорын сақтауды және көбейтуді де ойлауы керек. Қолданыстағы заңнамада балықтандыру, яғни су айдындарына шабақ жіберу тәртібі қарастырылған. Бұл жұмыстар ғылыми ұсынымдар негізінде жүргізіліп, уәкілетті органдардың өкілдері шабақты суға жіберу және есепке алу процесіне қатысады. Бірақ менің ойымша, басты мәселе – жіберілген шабақтың саны ғана емес, оның кейінгі тіршілік етуі мен су айдынындағы балық қорының нақты өсуі. Яғни, «кәсіптік қайтарымын» есептеген жөн. Кейбір жағдайда қағаз жүзінде шабақ жіберілгенімен, оның қаншасы тірі қалғаны, қандай нәтиже бергені толық бағаланбайды. Сондықтан мынадай ұсыныстарым бар:

- Әр су айдыны бойынша жыл сайынғы балықтандырудың ашық электрондық есебін жүргізу.

- Жіберілетін шабақтың түрін, салмағын, санын және шығу тегін міндетті түрде тіркеу.

- Балықтандыру кезінде фото және бейнефиксация жүргізу.

- Белгілі бір уақыттан кейін ғылыми мониторинг арқылы нәтижесін бағалау.

- Міндеттемелерін орындамаған табиғат пайдаланушыларға нақты жауапкершілік қарастыру.

- Комиссияға қатысуға қоғам белсенділерін, блогерлер мен БАҚ өкілдерін шақыру керек.

Табиғи су айдындарына жіберілетін шабақтың сапасына ерекше мән беру керек. Ол ауруысыз, генетикалық тұрғыдан сапалы және жергілікті табиғи жағдайға бейімделген болуы керек. Меніңше, балықтандыруды тек міндетті төлем немесе қағаз жүзіндегі есеп ретінде емес, табиғи байлықты келесі ұрпаққа жеткізудің нақты құралы ретінде қарастыруымыз қажет.



– Еліміздегі өсірілген отандық форель мен өзге де балық өнімдерін кейбір сатушылардың «импорттық өнім» ретінде ұсынуы немесе сапасыз арзан импорттың ішкі нарықты жаулауы тұтынушылар құқығы мен адал бәсекелестікке қалай әсер етуде? Міндетті цифрлық таңбалау мен шығу тегін бақылауды заңмен қатаңдату қажет пе?

– Бұл – мені кәсіпкер ретінде де, отандық балық шаруашылығының өкілі ретінде де алаңдататын мәселе. Қазақстанда бақтақ (форель) өсіру саласы қарқынды дамып келеді. Бізде сапалы өнім өндіруге табиғи мүмкіндік те, технологиялық әлеует те бар. Бірақ отандық өндірушілердің алдында импорттық өніммен бәсекелесу мәселесі тұр.

Кейбір сатушылардың өнімнің шығу тегін дұрыс көрсетпеуі немесе отандық өнімді импорттық өнім ретінде ұсынуы – тұтынушыны жаңылыстырумен қатар, адал жұмыс істеп отырған кәсіпкерлердің мүддесіне нұқсан келтіреді.

Екінші мәселе – сапасы мен бағасы күмәнді арзан импорттық өнімдер. Мұнда бір нәрсені нақты айту керек: импорттың бәрі сапасыз емес. Бәсекелестік болуы керек. Бірақ барлық өнімге қойылатын ветеринариялық-санитариялық және сапа талаптары бірдей әрі қатаң орындалуы тиіс.

– Сіз елімізде балық шаруашылығы ғылымы мен өндірісті ұштастырып жүрген мамансыз. Саладағы ғылыми-зерттеу институттарын қаржыландыру және отандық селекция мен жем өндірісін заңнамалық тұрғыдан ынталандыру үшін ең алдымен қандай қадам жасалуы тиіс?

– Мен бұл мәселені саланың болашағын айқындайтын ең маңызды бағыттардың бірі деп есептеймін. Балық шаруашылығын тек қаржы құю арқылы дамыту мүмкін емес. Оның негізінде ғылым, технология, генетика және кәсіби мамандар тұруы керек. Бүгінде Қазақстанда балық өсіру технологиялары дамып келе жатқанымен, біз әлі де бірқатар маңызды бағыттарда шетелдік өндірушілерге тәуелдіміз. Мысалы, бақтақ шаруашылығында: сапалы ұрықтандырылған уылдырық; генетикалық әлеуеті жоғары аналық және аталық табын; теңгерімді жоғары сапалы жем; аурулардың алдын алу және диагностика технологиялары бойынша шетелдік тәжірибе мен өнімдерге тәуелділік бар.

Бұл тәуелділікті азайту үшін ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтуіміз керек. Менің ұсынысым – балық шаруашылығы ғылымын қаржыландыруды қысқа мерзімді жобалармен шектемей, кемінде 5-10 жылдық стратегиялық бағдарлама негізінде жүргізу.

Біздің мақсатымыз тек балық өсіру көлемін арттыру емес. Басты мақсатымыз – Қазақстанды балық өнімдерімен қамтамасыз ететін, экспортқа шығаратын және өзінің технологиясы мен ғылыми мектебі қалыптасқан мемлекетке айналдыру. Балық шаруашылығы – тек бизнес емес, бұл азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл экономикасы, жаңа жұмыс орындары және еліміздің табиғи әлеуетін тиімді пайдалану мәселесі.



Бірінші кезекте мына бағыттарға басымдық беру қажет: Біріншіден, отандық селекция. Қазақстанның климаттық жағдайына бейімделген, ауруға төзімді, тез өсетін және жемді тиімді пайдаланатын форель тұқымдарын қалыптастыру қажет. Ол үшін өзіміздің аналық және аталық балық табынын дамытуымыз керек.

Екіншіден, отандық балық жемін өндіру. Балық жемі – өндірістің ең үлкен шығындарының бірі. Біз жемнің шикізаттық базасын, технологиясын және өндірісін дамытуымыз қажет. Отандық жем зауыттарын ашуға инвестициялық ынталандыру керек.

Үшіншіден, ғылым мен өндірістің интеграциясы. Ғылыми-зерттеу институттары тек есеп пен ғылыми мақала жазумен шектелмеуі керек. Олардың жұмысының нәтижесі нақты өндірісте көрінуі тиіс. Мысалы, ғылыми мекемелер мен балық өсіру шаруашылықтары арасында тәжірибелік жобалар жасалып, жаңа технологиялар өндірістік жағдайда сынақтан өткізілуі керек.

Төртіншіден, жас мамандарды қолдау. Ихтиолог, балық өсіру технологы, ветеринар, гидрохимик сияқты мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлу қажет. Бүгінде заманауи УЗВ шаруашылығын басқару үшін тек балықты жақсы көру жеткіліксіз, терең технологиялық білім қажет. Менің ойымша, мемлекет ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаржының бір бөлігін нақты өндірістік нәтижеге бағыттауы керек. Ал кәсіпкерлер ғылыми жобаларға тапсырыс беріп, олардың тәжірибеде жүзеге асуына қатысуы тиіс.

Қазақстан болашақта тек балық өндіретін мемлекет емес, балық өсіру технологиясын, жемін, шабағын және генетикалық материалын өзі өндіретін мемлекет болуы керек. Мен ихтиолог, балық өсіруші ретінде Қазақстанның балық шаруашылығының болашағына үлкен сеніммен қараймын. Біздің елімізде су ресурстары, табиғи жағдай, ішкі нарық және экспорттық әлеует бар. Ең бастысы – осы мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану.

Мен «Poseydon» аквафермасында бақтақты заманауи жабық сумен жабдықтау технологиясы арқылы өсіріп, өндірісті дамытуға күш салып келемін. Өз тәжірибемізден түсінгеніміз – балық шаруашылығы бір күнде нәтиже беретін сала емес. Мұнда тұрақты инвестиция, сапалы технология, ғылым және білікті мамандар қажет. Меніңше, Қазақстанда балық шаруашылығын дамытудың келесі кезеңі үш негізгі қағидаға сүйенуі керек:

- Үкімет – кедергі келтіруші емес, кәсіпкердің сенімді серіктесі болуы керек.

- Ғылым – қағаз жүзінде емес, өндірісте жұмыс істеуі керек.

- Отандық өнім – ішкі нарықта да, халықаралық нарықта да лайықты бағалануы керек.

Біздің мақсатымыз тек балық өсіру көлемін арттыру емес. Басты мақсатымыз – Қазақстанды балық өнімдерімен қамтамасыз ететін, экспортқа шығаратын және өзінің технологиясы мен ғылыми мектебі қалыптасқан мемлекетке айналдыру. Балық шаруашылығы тек бизнес емес, бұл – азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл экономикасы, жаңа жұмыс орындары және еліміздің табиғи әлеуетін тиімді пайдалану мәселесі.

– Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЗАҢДЫ БІЛУ – ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ БІЛІҢІЗ!

Егер жеке сот орындаушысының әрекеті немесе әрекетсіздігі құқығыңызды бұзды деп есептесеңіз, заңда белгіленген тәртіппен әкімшілік сотқа жүгінуге құқығыңыз бар.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАДЫ?

- Банктік шотқа заңсыз тыйым салынса.
- Мүлікке негізсіз шектеу қойылса.
- Атқарушылық іс жүргізу туралы хабарланбаса.
- Өтінішіңіз қаралмаса немесе жауап берілмесе.
- Мүлікті бағалау не өткізу тәртібі бұзылса.
- Жеке сот орындаушысы заң бойынша міндетті әрекетті орындамаса.

СОТҚА ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

- Жеке сот орындаушысының қаулысы.
- Атқарушылық іс жүргізуге қатысты құжаттар.
- Банк анықтамалары мен хабарламалар.
- Өтініштер және оларға берілген жауаптар.
- Құқық бұзылғанын растайтын өзге де дәлелдемелер.

ҚАНДАЙ МЕРЗІМДЕ ЖҮГІНУ КЕРЕК?

ӘРПК-нің 136-бабында сот орындаушысының әрекетіне немесе әрекет жасаудан бас тартуына дау айтуға қатысты он жұмыс күндік мерзім көзделген. Мерзімнің басталу тәртібі заңда белгіленген жағдайларға байланысты анықталады.

СОТ НЕНІ ТЕКСЕРЕДІ?

- Әрекеттің заңдылығын.
- Қабылданған шешімнің негізділігін.
- Заңда көзделген рәсімдердің сақталуын.
- Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Сіз атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, құжаттардың көшірмесін алуға, өтініш беруге, заңда белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

ЗАҢДЫ БІЛУ – ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Сот шешімін орындау – міндет. Ал оны орындау барысында заңдылықты сақтау – жауапкершілік.

Нұргүл САУЛЕН,
Жангелдин аудандық сотының судьясы
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

Іле ауданының прокуратурасы жер учаскелерін жеке меншікке беру кезінде жер заңнамасының талаптары бұзылғанын анықтады. Атап айтқанда, 2009–2011 жылдары жеке тұлғаға жеке орман өсіру мақсатында жалпы көлемі 100 гектарды құрайтын екі жер учаскесі (12 және 88 га) берілген.

ЗАҢСЫЗ БЕРІЛГЕН 100 ГЕКТАР ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Алайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы аталған жер учаскелерін бергенде заңнамада белгіленген тәртіп бұзылып, міндетті сауда-саттық (аукциондар) өткізілмеген.

Сонымен қатар жер учаскелері мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған, олардың аумағында орман екпелері болмаған.

Прокуратураның талап қоюы бойынша сот екі жер учаскесін беру негіздерін заңсыз деп танып, оларды мемлекет меншігіне қайтару туралы талаптарды қанағаттандырды.

Алматы облысы прокуратурасының баспасөз қызметі

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

QAZCOPYRIGHT БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

ҚР Әділет министрлігі QazCopyright бірыңғай цифрлық платформасы бойынша БАҚ өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізді. Аталған шарада министрлік өкілдері авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы QazCopyright бірыңғай цифрлық платформасын енгізу жұмыстарымен таныстырды.

2026 жылғы 20 қарашадағы жағдай бойынша платформада 351 қатысушы тіркеліп, 255 636 туынды және 22 639 құқық иеленуші туралы мәлімет енгізілген. «Ұлттық зияткерлік меншік институты» ШЖҚ РМК директоры Сәбит Ахметов аталған платформа авторлық құқық объектілерін пайдалануды есепке алуға, авторлық сыйақыны есептеу мен бөлуді автоматтандыруға, сондай-ақ авторлар мен құқық иеленушілер үшін ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Жүйе арқылы авторлар өз туындыларының телеарналар мен радиода қанша рет пайдаланылғанын және оларға тиесілі сыйақы туралы ақпарат ала алады. Платформаға пайдаланушыларды қосу үш кезең бойынша жүзеге асырылуда. Үшінші кезең 2027 жылғы 1 қаңтардан басталып, мейрамханалар, барлар, караоке орындары және басқа да пайдаланушыларды қамтиды. QazCopyright платформасын толық іске қосу 2027 жылғы қаңтарға жоспарланған.

ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

ТАРАТУ

2. «Инновациялар және инвестициялар орталығы» ЖШС (БСН 190540013105), жалғыз қатысушының шешімі негізінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен өтініштері осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, ҚР, Астана қ., Ж.Тәшенев көш., 8-үй, 1 т.е.б.

6. «Кузет Групп Астана» ЖШС (БСН 210440006115), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Несие берушілердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қ., Алматы ауд., Күйші Дина көш., 25/2-үй, 2 т.е.б. Тел. +7 707 734 34 02.

7. «Кузет-Охрана» ЖШС (БСН 150140004213), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Қарыз берушілердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Күйші Дина көш., 25/2-үй, 2 т.е.б. Тел. +7 700 134 34 02.

10. «AST Snab Group» ЖШС (БСН 150840023631), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола обл., Көкшетау қ., Бауыржан Момышұлы көш., 60-үй, 34-пәтер.

12. «Идыгей Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 171240019013), Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қ., Есіл ауд., Мәңгілік Ел даңғ., 52А ғим.

13. «Итауыз Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 171240018580), Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қ., Есіл ауд., Мәңгілік Ел даңғ., 52А ғим.

16. ТОО «Айбат-1» (БСН 230540023320), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы обл., Райымбек ауд., Қарасаз а., М.Мақатаев көш. 38-үй, тел.:8 777 901 46 26.

18. «РЦКУ Нур-Султан» ЖШС (БСН 200940000955), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Есіл ауд., Қабанбай батыр даңғ., 40, КБ 33, тел.: 8 706 637 07 26.

19. «DAKO-партнер» ЖШС (БСН 220940006511), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Серкебаев даңғ., 93. Тел.: 8 701 792 24 83.

21. «ART X Group» ЖШС (БСН 220940039131), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қ., А. Чехов көш., 42-ғим.

МҰРАГЕРЛІК

4. 2026 жылы 28 мамырда қайтыс болған Оразымбет Несібелі Құрманәліқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, С.Сейфуллин көш., нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

5. 2026 жылы 26 маусымда қайтыс болған Аханов Сабырхан Қалдыбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көш., №5 ғим. Тел. 8 702 233 44 99.

11. 2020 жылы 10 шілдеде қайтыс болған Досмұратов Рысдаулеттің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көш., №5 ғим. Тел. 8 702 233 44 99.

ӘРТҮРЛІ

3. «Ондулин» ЖШС (БСН 110440023233), жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Жангелдин көш., 31-үй, 1. т.е.б. Тел. +7 771 762 09 01.

14. Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 сотының үйғарымымен (22 ш.а., 17/1-үй, судья Н.А. Кутышева, тел. 8 771 351 55 73) Қарағанды қ., 22-ш.а., 22-үй, 67-пәт. мекенжайында тұратын арыз беруші Кайрат Сабитович Мурзалиновтың 01.08.1963 жылы туған, Қарағанды қ., Сухопутная көш., 16-үй, 2 пәт. мекенжайында тұрған Мурзалинов (Мурзалимов) Болат Сабитовичті қайтыс болды деп жариялау туралы №3571-26-00-2/921 іс қозғалды.

Мурзалинов (Мурзалимов) Болат Сабитович туралы мәліметтері бар тұлғаларға осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде сотқа хабарлау сұралады. Тел. 8 771 351 55 73.

15. «Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі байланыс саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі – «Мемлекеттік радиожиілік қызметі» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «МРЖҚ» РМК) қызметтеріне арналған бағалар жобасы бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Жария тыңдаулар 2026 жылғы 18 желтоқсанда сағат 12:00-де онлайн форматта өткізіледі. Қарауға шығарылған қызметтер туралы ақпаратты https://www.gov.kz/org/maidd/about?lang=kk интернет-ресурсынан алуға болады. Осыған байланысты тұтынушыларды, монополияға қарсы органның өкілдерін және басқа да мүдделі тұлғаларды «МРЖҚ» РМК көрсететін қызметтердің бағалар жобасын талқылауға қатысуға шақырамыз. Жария тыңдауларға қатысушының кандидатурасы бойынша ұсыныстарды 2026 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде мына электрондық мекенжайға жіберуді сұраймыз: d.zhanseitova@mdai.gov.kz.

17. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама»

«Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - Серіктестік), (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан обл., Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2026 жылғы 29 желтоқсанда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан обл., Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларына хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 29 желтоқсанда жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 28 желтоқсандағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі:

«Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындысы бойынша 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған 9 айдағы және 2026 жылғы 3 тоқсандағы қаржылық есептілікті бекіту;

«Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты үлестіру.

Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

20. «Алматыгаз» Абоненттік есептеу орталығы» ЖШС Алматы қаласы және Алматы облысының тұрғындарына тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну/тарату жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтердің тоқтатылатынын хабарлайды.

Қолайсыз қаржылық-экономикалық жағдайларға және қызметтің осы бағыты бойынша залалдардың қалыптасуына байланысты Серіктестік бұрын жасалған тиісті қызметтер көрсету шарттарын бұзу жұмыстарын жүргізуде.

Қызмет көрсету тоқтатылатын күн: 2027 жылғы «1» қаңтар.

Осыған байланысты тұтынушылардан тиісті қызметтерді көрсететін басқа мамандандырылған ұйымды алдын ала таңдап, белгіленген тәртіппен тиісті шарт жасасу үшін қажетті шараларды қабылдауды сұраймыз.

Газ жабдықтарының техникалық жарамды күйде болуы және газды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуы аса маңызды екенін ерекше атап өтеміз.

Жаңа қызмет көрсетуші ұйыммен шарт жасасқанға дейін тұтынушылардан газ жабдықтарына одан әрі техникалық қызмет көрсету тәртібін алдын ала нақтылауды және газ жабдықтарын белгіленген қауіпсіздік талаптарын бұза отырып пайдалануға жол бермеуді сұраймыз.

Шарттарды бұзуға байланысты мәселелер бойынша «Алматыгаз» Абоненттік есептеу орталығы» ЖШС-не хабарласуыңызды сұраймыз.

Телефон: 244-55-33. Мекенжайы: Алматы қ., Байзакова к-сі, 125/185 үй. Электрондық пошта: info@arc.kz

Туындауы мүмкін қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және түсіністік танытқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

8. «Microfinance systems» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 220840013739) атауының өзгергені туралы хабарлайды. «Microfinance systems» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жаңа атауы «Microfinance systems» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып саналсын.

22. «Абай облысы Семей қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабына сәйкес «Абай облысы Семей қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасы (бұдан әрі – Жоба) және Жобаға арналған Стратегиялық экологиялық бағалау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:
50.405119 солтүстік ендік, 80.246855 шығыс бойлық.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні мен уақыты: 31 желтоқсан, сағат 14:00-де.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс нысанында мына мекенжай бойынша өткізіледі: Абай обл., Семей қ., Абай Құнанбаев көш., 86-үй

Әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Семей қаласы.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге жауапты орган:
«Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:
«Абай облысы Семей қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, (БСН 110840016875) мекенжайы: Семей қ., Абай Құнанбаев көш., 97-үй. тел.: +7 (7222) 36–09–86, электрондық пошта: arhitektura_402@mail.ru.

«Абай облысы Семей қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасын әзірлеуші:
«ГРАД ПРОЕКТ KZ» ЖШС (БСН 031040003011) мекенжайы: Астана қ., Сарыарқа ауд., Бейбітшілік көш., 25.

«Абай облысы Семей қаласының Бас жоспары. Түзету» жобасына арналған стратегиялық экологиялық бағалау есебін әзірлеуші: «Зеленый мост» ЖШС, (БСН 130340015103) мекенжайы: Астана қ., Нұра ауд., Тұран даңғ., 59/2-үй, 12-кеңсе. Электрондық пошта: info@greenbridge.kz. тел.: +7 (7172) 98-68-07, +7 705 701-04-72.

Қоғамдық тыңдауларға онлайн қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз:
https://us06web.zoom.us/j/7150968585?pwd=rmxkrjPrOPbIfObWQWzHExmCRrCxOE.1&omn=89119728502

ZOOM платформасында онлайн тыңдауларға қосылу үшін: Конференция идентификаторы: 715 096 8585. Қолжетімділік коды: 12aGai.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен https://hearings.ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның (ЖАО) https://www.gov.kz/org/abay-semey?lang=ru сайтында танысуға болады.

Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты arhitektura_402@mail.ru электрондық поштасы немесе +7 (7222) 36 09 86 телефоны арқылы алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау тәртібі: Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Бірыңғай экологиялық порталда (https://hearings.ndbecology.gov.kz), сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Абай обл., Семей қ., Тұрлыханов көш., 30. тел.: +7 (7222) 35 45 35, электрондық пошта: uprirp.abay@akimatabai.gov.kz.

9. Қызылорда облыстық соты және ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Бегімбаев Ринат Маратұлына әкесі

Бегімбаев Марат Төлегенұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

23. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Заң факультеті және кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ұжымы кафедра профессоры Айгаринова Гүлнар Төлеухадирқызына анасы

Айгаринова Хамария Әбікенқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

№ 89 (3916)
27 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

Әскери борышын өтеп елге оралған соң, Дүйсембек Тауасаров Жамбыл зоотехникалық-малдәрігерлік техникумына оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтады. Кейін білімін одан әрі жетілдіру мақсатында Алматы қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институттың студенті атанады.

Алайда уақыт өте келе отбасылық жағдайға байланысты сырттай оқуға ауысуға мәжбүр болады. Соның салдарынан соңғы курсында кезекті сессияға қатыса алмай, академиялық демалыс алады.

ЖЕЛТОҚСАН ҚАһАРМАНДАРЫ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН АЛҒАН ЖОҚ

Намыс

Оқуға қатысты мәселені реттеу үшін 1986 жылдың желтоқсан айында жұбайы Әлия Хамзинаны ертіп, Алматы қаласына жол тартады. Қалаға келген күні таң ата алдымен институттың деканатына барып, жағдайын түсіндіреді. Дәріс беретін оқытушыларымен кездесіп, қосымша тапсырма алады. Оқу ордасындағы шаруасын реттеймін деп жүріп, уақыттың қалай зымырап өткенін байқамай да қалады.

Ісін аяқтаған соң, түс ауа жұбайы екеуі Фурманов көшесіне қарай бет алады. Сол маңға жақындай бергенде, әр жерде топ-топ болып жиналып тұрған адамдарды көреді. Жақындап, жөн сұрастыра келе, олардың басым бөлігі құрылыс саласында еңбек ететін жастар екенін, араларында студенттердің де бар екенін біледі. Сол сәтте көпшіліктің аузынан қазақ халқын ширек ғасырға жуық басқарған Дінмұхамед Қонаевтың қызметінен алынғанын, оның орнына Қазақстанға мүлде бейтаныс Геннадий Колбиннің тағайындалғанын естиді. Сол кезде намысы оттай лаулаған қазақтың жалынды жастары: «Қазақтар, Брежнев алаңына жиналайық! Халқымыздың намысын бірге қорғайық! Алаңға жүріңдер!» – деп ұрандап, жұртты алға бастайды. Бұл хабар намысты қайрап, көңілге ауыр тигендіктен Дүйсембек пен жұбайы да соларға ілеседі. Өйткені олар да туған елінің тағдырына бейжай қарай алмайтын еді. Қазақстанның болашағына қатысты маңызды шешімнің халықтың пікірімен санаспай, сырттан қабылдануына қарсылық білдіргісі келеді.

Жол бойы жастар: «Әр елдің өз көсемі болуы керек!», «Қазақстанды қазақ басқаруы керек!» – деп ұрандатады. Осылайша, олар да халықпен бірге Брежнев алаңына қарай бет алады. Көп ұзамай алаңға жетеді. Көз жетпейтіндей көпшілік жиналған екен. Адамдар шағын топтарға бөлініп, өзара пікір алмасып, елдің жағдайын талқылап жатады. Алаңда ерекше бір рух, намыс пен жігердің лебі сезіледі. Елдің рухын көтерген патриоттық ұрандар айтылып, «Атамекен» мен «Менің Қазақстаным» әндері шырқалады. «Сол әндерден туған елге деген сүйіспеншілікті, азаттыққа деген аңсарды, жүректердегі буырқанған сезімді аңғаруға болатын еді», –дейді Дүйсекең тебірене.

Кешке қарай алаңның екі жағын милиция қызметкерлері қоршап алған. Әскерилермен қатар училищенің курсанттары, қосымша сақадай қаруланған әскери күш те жұмылдырылыпты. Қолына дыбыс күшейткіш ұстаған адамның бірі: «Мен прокурормын! Үйлеріңе тараңдар! Сендердің бұл әрекеттерің заңсыз!» – деп қайта-қайта ескерту жасайды.

Алайда жиналған жұрттың талабында ешқандай бүлікшілдік жоқ еді. Олар ел тағдырына қатысты әділдік іздеп келген болатын. Көпшіліктің көкейіндегі сауал біреу ғана еді: «Неге Қазақстанды өзге ұлттың өкілі басқаруы керек? Өз халқымыздың арасынан ел басқаруға лайықты азамат табылмағаны ма? Егер басқа ұлттың өкілі тағайындалатын болса, неге қазақтың тілін, салт-дәстүрін, тарихы мен болмысын құрметтейтін адам таңдалмады?» Бұл сұрақтардың жауабын ешкім бере алмады. Расында да, халықтың пікірімен санаспай қабылданған мұндай шешімге үнсіз қалу оңай емес еді...



Алаңда

Алаңға жиналған қарапайым қазақ жастары үкіметтен әділдік талап етіп, өздерінің соңғы үмітін үзбей алаңда тұрды. Дүйсембек жан-жағына көз салғанда, өзімен шамалас, шашы ұзындау, ақсары өңді бір жігітті байқайды. Жамбыл қаласының (қазіргі Тараз) тұрғыны екен. Тегі – Сағидулин. Қасында Сәкен және Мұқан есімді екі інісі бар. Әңгіме арасында білгеніндей, әскерден жуырда ғана оралған Сағидулин Алматыдағы әпкесінің үйіне қонаққа келген. Інілері де осы алаңға жиналған жастардың қатарында жүр.

Алаңдағы жұрттың басты талаптарының бірі – Дінмұхамед Қонаевтың өз аузынан жауап есту еді. «Димаш Ахметұлының өз еркімен кеткенін өз аузынан естиік! Неге халықтың алдына шықпайды? Қонаев атамызды шақырыңыздар!» – деген талаптар қойылды. Бірақ билік өкілдері тарапынан ешқандай қанағаттанарлық жауап болмайды. Құлақтарына қайта-қайта шалынғаны тек «Тараңдар!», «Кетіңдер!», «Жиналғандарың заңсыз!» деген сөздер ғана.

Жасы шамалас болғандықтан ба, Дүйсембек пен Сағидулиннің әңгімесі жараса кетті. Бір-бірін бұрыннан білетін адамдардай еркін сөйлесіп, біраз сырласады. Дегенмен Дүйсембасу айтсаңшы, дауыстары жер жарады ғой, арандап жүрмесін», – дегені Дүйсембектің әлі күнге дейін есінде.

Ымырт түсе бастаған шақ еді. Бір кезде милиция қызметкерлері алаңның шетінде тұрған адамдарды арнайы көліктерге қарай сүйрей бастайды. Қарсылық білдіргендерді дубинкамен ұрып-соғып, қолын қайырып, күшпен көліктерге тиеуде. Жиналған жұрт жанжаққа бытырай қашады. Бірақ күш қолданғандардың әділетсіздігіне шыдамай, қарсыласқан қазақ жастары да аз болмады.

Кенет Дүйсембектің құлағына таныс бір дауыс келеді. Жалт қараса, жаңа ғана танысқан Сағидулинді екі солдат қолын артына қайырып, арнайы УАЗ көлігіне қарай сүйреп бара жатыр екен. Әлия қорыққаннан шыңғырып жібереді. Сол сәтте Дүйсембектің есіне Сағидулиннің екі інісі түсті. «Олар қайда? Қашып үлгерді ме?» деп ойлағанша ағасына араша түсуге ұмтылған Сәкен мен Мұқан әскери адамдармен жағаласа кетеді. Олардың қарсылығын байқаған оншақты әскери қызметкер жабылып, дубинкамен соққының астына алады. Көп ұзамай Сағидулин есінен танып, жерге құлайды. Оны аяғынан сүйреп, арнайы көлікке лақтырып жібереді.

Сәкен мен Мұқанды да аяусыз соққыға жығып жатқанын көргенде, Дүйсембек шыдай алмай жандарына жүгіріп барады. Бар дауысымен: «Мұндай бассыздықты фашистер де жасамаған! Тоқтатыңдар! Доғарыңдар! Халықты ұрып-соғуға қандай құқықтарың бар?!» – деп айқайлайды. Сол-ақ екен, оны да соққының астына алады. Көзінің оты жарқ ете қалады. Дубинкамен ұрып жатса да, шамасы келгенше қарсыласып бағады. Алайда күш тең емес еді. Айналадағы сұмдық көріністен кейін адамның есі кіресілі-шығасылы күйге түседі екен. Сол сәтте жүрегінің астында сәбиін көтеріп жүрген жұбайы жанұшыра айқайлап, оны арашалап алып шығады. Курсанттар екіқабат әйел адамға қол көтеруге батпады ма, әйтеуір Әлияның көмегімен олардың арасынан сытылып шығып,



екеуі басы ауған жаққа қарай қаша жөнеледі.

Дүйсембектің бетін қан жуып кеткен. Есін әрең жинап келе жатса да, көз алдынан қазақ жастарының қан-жоса болған бейнесі кетпейді. Жүрегі сыздап, жаны күйзеледі. Сол бір қасіретті кеште жұбайы екеуі бір-бірін сүйемелдеп жүріп, әрең дегенде үйге жетеді. Дүйсембек одан соң бірнеше күн бойы орнынан тұра алмай жатып қалды. Кейін елге қайтады. Бірақ осы күндердің естелігі тек өздерінің ішінде қалған еді.

Дүйсембекті ең қатты қынжылтатын мәселе – ел намысын арқалап, тоталитарлық жүйенің әділетсіздігіне қарсы шыққан азаматтардың бүгінгі күні сол күндердегі көрген қорлығы мен тартқан азабын дәлелдеу үшін табалдырық тоздыруға мәжбүр болуы. Неге олар «саяси қуғын-сүргін құрбаны» екенін мойындату үшін прокуратура мен соттардың есігін қағуы керек? Неге сол бір тарихи оқиғаның тірі куәгерлері өздерінің көрген азабын дәлелдеуге міндетті? Бір жапырақ ақталу қағазын алу үшін қаншама есік қағып, қаншама мекеменің табалдырығын тоздыру керек? Бұл құрмет пе, әлде сол бір қасіретті тағдырды қайта еске салып, жараның аузын тырнау ма?

Тағдырдың жазуымен адамдар қайта кездеседі екен...

«Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі» деген сөздің растығына кейін көзі жетті. Бірде госпитальде Сағидулинмен кездейсоқ кездесіп қалады. Бір-бірін бірден таниды. Сол бір Желтоқсан оқиғасын қайта еске алысты. Сол күні Сағидулиндерді машинаға тиеген бойда апарып Ақсай карьеріне лақтырған екен. Екі інісімен таңға жақын жаяулап үйлеріне жеткен. Бастан өткерген жағдайларын салдарынан сол күндердің тәнге салған дертінен екеуі де бүгінде жан азабын тартып емделіп жүрген жайлары бар.

Тәуелсіздіктің алғашқы күрескерлері

Арада қанша уақыт өтсе де, сол күндердің елесі Дүйсембектің көз алдынан бір сәтке де кеткен емес. Алайда ол кезде бастан кешкендерін ешкімге ашып айта алмады. Барлығын ішіне бүгіп, құпия сақтауға мәжбүр болды. Өйткені тоталитарлық жүйеден қорықты, қуғын-сүргінге ұшыраудан сескенді. Көрген-білгенін бір қорқынышты түстей ұмытуға тырысты. Бірақ жүрекке түскен жараны уақыттың өзі де өшіре алмайды екен.

Желтоқсан оқиғасының тарих бетінде қалғаны, ұлт намысын қорғап алаңға шыққан жастардың тәуелсіздіктің алғашқы күрескерлері болғаны – ақиқат. Өкінішке қарай, қоғамымыз әлі күнге дейін Желтоқсан қаһармандарына лайықты тарихи әрі құқықтық баға бере алмай келеді.

Дүйсембекті ең қатты қынжылтатын мәселе – ел намысын арқалап, тоталитарлық жүйенің әділетсіздігіне қарсы шыққан азаматтардың бүгінгі күні сол күндердегі көрген қорлығы мен тартқан азабын дәлелдеу үшін табалдырық тоздыруға мәжбүр болуы. Неге олар «саяси қуғын-сүргін құрбаны» екенін мойындату үшін прокуратура мен соттардың есігін қағуы керек? Неге сол бір тарихи оқиғаның тірі куәгерлері өздерінің көрген азабын дәлелдеуге міндетті? Бір жапырақ ақталу қағазын алу үшін қаншама есік қағып, қаншама мекеменің табалдырығын тоздыру керек? Бұл құрмет пе, әлде сол бір қасіретті тағдырды қайта еске салып, жараның аузын тырнау ма?

Содан бері қырық жыл уақыт өтті. Дүйсембек енді осыншама жасқа келгенде кімнің алдында және не үшін ақталуымыз керек деп езіледі. Бүгінде өзі секілді Желтоқсан оқиғасына қатысқан қаншама азамат әлі күнге дейін сол күндері алаңда болғанын, көрген қорлығын дәлелдеу үшін мекемелердің есігін қағып жүргені рас. Олар өз елінің намысын қорғағаны үшін кінәлі болды ма?

1986 жылғы ызғарлы Желтоқсан Алматыдан басталып, Талдықорған, Өскемен, Шымкент, Қарағанды, Жамбыл және басқа да өңірлерге жалғасқанын жас ұрпақ білуге тиіс. Бұл – бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке бастар жолдағы тарихи күрестің басты белесі еді.

Бүгінгі азат елдің әрбір азаматы сол күндердің қадірін түсініп, тәуелсіздіктің оңай келмегенін ұғынса екен дейді. Тәуелсіздік – көктен түскен сый емес. Оның артында талай боздақтың көз жасы, жаралы жүрегі, үзілген үміті мен төгілген қаны жатыр. Жамбыл өңірінен шыққан талантты ақын Әбдірахман Асылбеков пен сазгер, әнші Әбиірбек Тінәлиевтің шығармашылығынан туған «Желтоқсан желі» әні ғана сол бір күндердегі жан жарасын аз да болса қоғамға жеткізгендей.

Бұл әнді әр естіген сайын Дүйсембектің тұла бойы шымырлап, жүрегі сыздап, сүйегі сырқырайды. Көз алдына сол бір ызғарлы күн, алаңда айқайлаған жастар, соққыға жығылған бозбалалар мен қыздар, қанға боялған қар үсті елестейді. Өйткені ол ән Дүйсембек үшін жай ғана әуен емес. Ол – жүректегі жазылмаған жараның үні, Желтоқсанның өшпес жаңғырығы.

«Бүгінгі мақсатым мейлі демалыс орындарында болсын, жоғары оқу орындары мен мектептерде болсын, кез келген жиында Желтоқсандағы ұлт намысының сыналған сәтінен естеліктер айтып, алаңдағы жастардың ерлігін ұмыттырмас үшін жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп жүру. Өзі және замандастары өмірден өткеннен кейін көзбен көргенін, жүрекпен сезінгенін, бастан өткергенін кейінгі буынға кім жеткізеді?», – дейді желтоқсан ардагері Дүйсембек Тауасаров.

Дүйсембек бүгінде Жамбыл облыстық Ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы - директор
Қайрат ЖОЛДАСҰЛЫ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІК ИЕСІ:
“MEDIA INVEST GROUP” ЖШС

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6160 дана
Апталық таралым 12320 дана

Тапсырыс № 175 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: 8 (701) 712 0173.